

П И О Н Е Р



ФЕВРАЛЬ

1955 ЖЫЛ

№ 2



«Алғашқы қадам»

Фотоэтиюд П. Редьконікі



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 2

ФЕВРАЛЬ

1955 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.



Жауынгерлік достық

Н. Богданов

Достық қай жерде болсын керек, ол әсіресе соғыста керек.

Жаяу әскерлер взводында радист Степан Кузнецов пен пулеметші Ергеш Жафаров дос болды.

Кузнецов көгілдір көзді, сары шашты, Рязань жақтан шыққан, жайдары жігіт еді де, Жафаров — казак, кең даланың қараторы тұрғыны, ұдайы ойға шомып, күбірлеп өлең айтып жүретін.

Кузнецовқа досының әндері өте ұнаған еді.

— Сазы жақсы, көңіл күйі жүрегіңді тербеткендей, бірақ сөзін түсінбеймін, — дейтін ол, — тілін үйрену керек екен.

Сансыз жорықтардың кезінде ол ерінбей жүріп қазақ тілін үйренді.

Жауынгерлік сапта да, жорық кезінде аялдағанда да достар жұбын жазбайды, бір котелоктан ас ішіп, шинельді бірге жамылады. Ұйқыға шомар шағында күбірлеседі де жатады:

— Сіздің тілде «Родина» қалай? — деп сұрайды біреуі.

— Отан, — дейді екіншісі тіл қатып.

— Мать қазақша қалай?

— Ана.

— Отан — ана... Өте әдемі!

Келе-келе Кузнецов Жафаровтың өлеңдерін түсінетін болды да, оларды орыс тіліне жиі-жиі аударып жүрді.

Жауынгерлер жауын құйып тұрғанда келе жатады. Көктің көбесі сөгілгендей нөсерле-

тіп құяды да тұрады. Мойнына су құйылған солдаттар тонған торғайдай үрпиісіп кетеді. Жер аяғынды суырып ала алмастай мый батпақ. Аялдауға болмайды — алда ұрыс.

Жафаров болса, өлеңін айтып келе жатады, оған ешкім де назар аудармайды.

Сол кезде Кузнецов өлеңді, кенет, орысшаға аударарды:

Мойнымызға жаңбыр тамшы төгеді,
Біздің взвод суды кешіп келеді.
Не үшін жүрміз, малшынамыз неге біз? —
Бізге сөйткен сұм фашисті көрерміз.

— Тауып айттың, бәріне кінәлі фашистер! Тез жетсек — кегіміз де тез қайтады.

Солдаттар қарқылдасып күліп алады да, жайрандай басып жүре береді.

Достық барда күш те мол, ұрыста да тірек — ол. Сол достық болмаса бұл екі дос та жақын қалған жеңіс күнін көре алмай мерт болар ма еді, қайтер еді.

Бұл оқыйға Берлинге шабуыл жасағанда болды.

Рейхстагқа апаратын жолдың үстіндегі таяу үйді қолға алған взвод бір кезде қоршауда қалды. Гранаталар таусылды, оқ та бітуге айналды. Кузнецов радио арқылы көмек сұрап еді, оның сөзін жау радисі естіп қойды.

Біздің танктер жаяу әскерлерге жарып өтпекші болып еді, үйлердің тасасында тығылған екі «тигр» оларды қыйратып салды.

Танкистер әзер құтылды, екі танк екі жерде лаулап, көшенің ортасында жанып жатты.

Не істеу керек? Бір сыпыра солдат жараланып қалды. Жафаровтың пулеметі істен шықты. Ал өзі болса, кеудесіне жарықшақ тиіп, көне үйдің паркет еденінде жатыр. Әк тозаңы қонған сұрғылт жүзінен тіршілік сәулесі сөнгендей сезіледі.

— Ергеш, сен тірімісің? — деді Кузнецов оның басын сыйпап.

Қазақ жігіт сәл езу тартты.

— Әне фашистер қарсы шабуылға шығуға топтанып жатыр, оларды тойтарарлық қолда іштене қалмады. Кел, қоштасайық, достық...

— Көмек сұра. Танктер шақыр. Магазин арқылы келсін, мен осылай қарай өткен витрина арқылы келсін... Магазин үлкен, едені бетон, — деп күбірледі Ергеш, сандырақтап жатқандай қазақ тілінде.

— Бұ да қыйын, бауырым: фашист бөрісі менің сөздерімді тағы да қағып алады ғой, ол орысша жақсы біледі.

— Орысшасы несі, қазақша айт.

Мұны ести сала Кузнецов Жафаровтың қолын қысып-қысып қалды да:

— Оның дұрыс-ау, бірақ мені анда кім түсінеді? Біздің полкта қазақ тілін білетін сенімен мен ғанамын!

— Штабты шақыр да, менің жерлесім Өзденовты сұра.

Әлгі сөйлегенін көтере алмай Жафаров көзін жұмып, сұлқ жатып қалды.

Кузнецов наушникті құлағына киді де, радио арқылы полкты шақыра бастады.

Ол танк бөлімінен келген былғары шлемді қараторы танкисті есіне түсірді.

— Аппаратқа Өзденовты, танкист Өзденовты шақырындар! — деп сұрады Кузнецов, дегбірсізденіп.

Фашистер біздің взводтың күші мұқалғанын сезген соң, бұрынғысынан бетер құтыра түсті. Автоматтардан оқ боратып, граната жаудырып, терезені көз қаратпайтын фаустпатрондармен пергіледі. Жау қабырғаға жабысып, жақындап қалды.

Біздің солдаттар оқтарын соңғы айқасқа іркіп, анданда бір атады.

— Мен — Өзденов, тыңдап тұрмын! — деген қатқыл дауыс естілді наушниктен.

— Мен Жафаровтың досы — Кузнецовпын, — деді Кузнецов қазақша. — Мені тыңдаңыз, мұқият тыңдаңыз. Бізге үлкен дүкен ішімен тура көрсеткіш қабырғаны бұза-жара өтуге болады.. әйел киімдері қойылған орыннан... Еден бетонды. Бұл — ашау танктер жанып жатқан жердің тап қарсысында. Бізді тыңдап отыр, қазақша сөйлеңіз.

— Жанып жатқан танктерді көріп тұрмын.

— Солай, көшемен жүрмендер, онда үйдің тасаларында «тигрлар» бар, тура

ТАНЯ

Талдырмаш қыз — албыраған
гүл — өзі.

Танямыздың тіпті қызық мінезі,
«5» тік алса, күнделігін көрсетпей,
«3» тік алса, кінәлайды бір өзін.
Киімдерін өзі өтектеп, сілкеді,
Сыпырады — еденге су бүркеді,
Үйректер мен тауықтарға жем

беріп,

Әйнектегі гүлді де сол күтеді.
Кітаптардан оқыса іздеп жаңаны,
Жабырқауды білген емес қабағы!
Әлде қалай біздер үнсіз отырсақ,
Қайдағы бір күлдіргілер табады.
Кешкі іңірде әзірлеп боп сабағын
Күй тартатын кезі де бар

Таняның.

Саусағына пионина ойнаған
Келеді ылғый көз айырмай
қарағым.

Музыкасы қандай оның көңілді!
Сүйем оны сүйгенімдей өмірді!
Ол ойнаған әрбір жаңа ән мен күй
Еліміздің ерлігіндей көрінді.

Зүлқыя Жұматова



дүкен арқылы өтіндер. Оның артқы қабырғасы біздің аула жақта.

— Күп, қазір жетеміз! — деді Өзденев.

Кузнецов терезеге қарап, фашистердің үйге кіріп келе жатқанын көргенде, оның құлағында жанына жалын құятын музыкадай, Өзденевтың өр дауысы әлі тұр еді.

Жау үйге аула жақтан кірді. Канализация трубасының ішімен келген олар, міне егеуқұйрықтай суға малшынып, үсті-басы батасқан, бір тұрып, бір құлап, бірін-бірі көтермелеп, терезеге тырмысып жатыр.

Наушникін де шешіп үлгірмеген Кузнецов автоматты шап берді, — бірақ оқ атылған жоқ — патрон біткен-ді. Айғайлап жолдастарын шақырайын деп еді, олардың бәрінің де бұрылуға мұршасы жоқ екен: олар көше жақтағы фашистердің атакасын тойтарып жатқан-ды.

«Өлген жерім осы екен!» деп ойлады Кузнецов, ыза бұған ол бүкіл соғыс бойында аман сақтаған өзінің жорық радиостанциясын көтеріп алды да, жиіркенішті свастикалы касканың төбесіне бір қойды.

Осы сәтте зуылдаған оқ радистың басынан асып үйдің төбесіне барып тиді. Балшық бұрқырап үстін жауып кетті. Маңайды түгел ақ түтек тозаң басты. Бұл — аулаға баса-көктеп кірген совет танкі еді. Башнясын бұрып алып, фашист солдаттарын пулемет оғымен төпей бастады ол.

Танктың келуі оларға жай түскендей болды. Орыс радистерінің қандай шифрмен сөйлескені фашист радистерін ұзақ ойландырды. Білгіш-ақ еді, сұм-ақ еді бұл фашист, — әйтсе де қазақ тілін біле алмапты! Бәрін де есітті, бірақ ұға алмай дал болды. Ту сырттарынан қаһарлы совет танкі кеп қалғанын өз адамдарына ескертіп те үлгіре алмады.

Танк енді бір минут кешіккен жағдайда, біздің ерлеріміз мерт болар еді.

Келген танк командирі Өзденевтың өз машинасы еді, бұл кезде өзге танктер ұрыс түзінде болатын.

Қарсы шабуылды тойтарғаннан кейін, іле Кузнецов есін жыйды. Қызу үстінде фашистің басына сорып, өзінің радиостанциясын қыйратып алғанына қатты өкінді.

— Уақа емес, өз басың аман болсын. Достым, дүние табылар, — деп жұбатты да Өзденев, төңіректі шұғыл шолып өтіп: — Рейхстагты атқылайтын бір ыңғайлы орын жоқ па екен? — деп сұрады ол сол сәтте.



Жарасы онша ауыр емес екен, Жафаров ажалдан аман қалды. Кузнецов Берлинде қалды да, ақ жарқын Жафаров емделіп болып үйіне қайтты. Ол жол бойы әндетіп келе жатты. Бұл бір қызық ән еді: сөзі қазақша, сазы рязаньша.

Бұл қазақ жігітінің әнін түсінгісі келіп, жұрттың бәрі құмартты, алайда ол дәл аударып, жеткізе алмады. Бар айтқаны, әттең шіркін біздің Кузнецов болса, ұқтырып-ақ жіберер еді.

— Әйтеуір, неде болса, достық жайындағы ән, тамаша ән, — деді де Ергеш, қайтадан шырқап кетті.

Жауды жеңуге халықтар достығы бізге осылай көмектескен еді.



Тыңдағы мектепте

Суреттерін салған Н. Лебедев



ЖЕКПЕ-ЖЕК

Екінші әңгіме

I.

Едиктің үйі мұнда алыстан, ту Алматыдан келді. Шынын айту керек, жаңа қоныс Едикке ұнамады. Айналаның бәрі тосын, ешкімді танымайды, білмейді. Қызықтайтын да ештеңе көрінбейді. Шексіз дала. Ылғи бірыңғай көрініс.

Мүмкін, алысырақта қызық бар шығар деп ойлап, ол келген күннің ертеңіне батыс жақтағы селдір қайыңдарды көктей өтіп, даланы аралауға шықты. Олай жүрді, бұлай жүрді. Мұнда да көңіл аударар ештеңе көрмеді. Ақырында шаршады. Мый жазық, мүлгіген дала, шегіне жетіп болар емес. Ілгері ұзақ сайын көкжиек алыстап, бір жеткізбей қойды. Жалықты да, ол кейін қайтты.

Едик әкесі мен мамасына таң қалды: «Үлкен адамдар қызық. Қайда келгендері ойларына кіріп те шықпайды. Мынау көңілсіз далада жұмыстары да жоқ. Қайтып іштері пыспайды екен?..»

Ол сәл ойланып қалды. «Олар ертемен тұрып жұмысқа кетеді, кешке қайтады. Іштері пысқан, пыспағанын мен қайдан білемін?! Жоқ, олар зерікпейтін сыяқты... Түсінбеймін, қалайша мына дала зеріктірмейді?.. Мүмкін емес қой...» Артынша оған мынадай бір ой келді: «Олардың қолы бос емес, сондықтан іштері пыспайды. Ал мен болсам... Танымайтын, білмейтін жерде серіксіз бос жүрген қандай жаман.»

Ол Алматыдағы достарына зарықты. Онда мұндай

көңілсіздікті кім білген! Баратын жер де көп. Доста көп... Бүйтіп жалғыз сенделмейсің. Жоқ, жолдас таппай болмайды, онсыз мына даланың күні батпас... Кіммен достасады?

Бұл болашақ совхоз қыстағының үйлері жаңа салынып жатқан шақ еді. Балалы семьялар әлі аз болатын. Үй жоқтан, кейбір семьялы жұмысшылардың өзі үй ішін көшіріп алуды әзірше ойламаған. Сондықтан Едиктің көзіне өзі қатарлас балалар сирек ұшырасты.

Бүгін құдық маңындағы жер үй алдына үш бала пайда болды. Олар сол арадағы дөңес басына шығып алып, әлденендей ойынға кірісті. Мұны көріп Едик қуанып кетті. Соларға қосылып, құмардан бір шыққысы келді...

Амал қанша, ой орындалмады, сексен-тоқсан метрдей жерде жүрген балаларға бару Едикке үлкен арманға айналды. Беттей береді де, тоқтайды. Тоқтайды да, жан-жағына жалтақтайды. Бұған кінәлі Барбос деген қара төбет еді. Осы көксоққан асхананы торуылдап, сол маңда күні-түні тіміскелеп жүреді де қояды... Оның мұнысын Едик жақсы біледі. Кеше байқаусызда арыс етіп, мұның әбден зәресін алғаны да бар. Содан бері асхана жаққа беттеуден бұл бала біржола тыйылған.

Ал қазір, қалайда бару керек болып тұр. Алайда, Барбостың көзі тірі тұрғанда жуыттын Едик не... Өзінен өзі ызаланып зығырданы қайнады. Өзімен түйдей құрдас алматылық досы Коляның иттен қорқу дегенді білмейтіні есіне түсті. Ит келе жатса, ол тайсалмай қарсы жүреді. Ит бар ғой, жалт беріп тайып тұрады. Недеген сұмдық, а?! Бұл неге солай ете алмайды!.. Неменесіне қорқады? Жасқанбай жүре берсең ғой, ит тимейді!.. Қорықсан, әрине...

Осылайша өзін өзі қайрап, бойына біраз батылдық жыйып алып Едик дөңге қарай аяндады. Аяндағаны бар болсын, әшейінде жүгірмей жүруді білмейтін басы осы жолы кежегесі кейін тартып, жүрісі бар болғыр өнбеді. Жүрегі дүрс-дүрс соғады. Қаратөбет қай жерден шыға келер екен. Өзі бір сумаңдаған оңбаған ит. Ондай сумақайды байлап тастамай ма!..

Кібіртіктей басып төбешікке таянды. Балалар бұған енді ғана назар аударды. Ішіндегі бой жағынан үлкені, шымыр денелі, жуантық келген шомбал қара бала:

— Әй, өзің ішің ауырған адамша неменеге аяғыңды баспайсың? Мұнда кел. Біз сені жемейміз,— деп айғай салды.

Оның өктем сөзін қасындағы екеуі мәз бола қоспап:

— Кел, кел, жемейміз,— деп күлісті.

Едик өзінше сыр бермей, бұлардың сөзін елеменге салынып, әшейін өз бетімен жүрген адам сыяқтанып көрінгісі келді. Бірақ қаншама еркінсінсе де, жайбарақаттана алмады. Қара төбет ұмытылмады. Ол сайтан аяқ астынан шыға келмесіне кім кешіл?..

Арада бір минут өткен жоқ, асхананың алдынан Едиктің дәл өзі ойлағандай, қара төбет солаң етті. Батырлық та, намыс та жайына қалып, Едик үйге қарай зытып ала жөнелді. Алғашқыда не болғанын білмей қалған балалар, артынан ұғып, даланы бастарына көтере күліп жатты.

Едиктің оларда жұмысы болған жоқ. Безек қаққан бойында үйіне кеп бір-ақ сүнгіді. Ол ентігін баса алмай көп отырды. Өзіне өзі енді есеп бере бастады. Балалық намыс та енді ғана тіріліп, ұяттан жерге кіріп кеткендей боп қатты қысылды.

Сол күннен бастап Едик қорқақ бала атанды. Осалдығынды аңғарса, балалардың өшігіп кететіні бар емес пе, әлгі үшеуі, тіпті тағы да бірнеше баланы ертіп алып, мұның үйінің дәл алдына келіп:

— Барбос, барбос! Қа-калап ылғи айғай салып өтетінді шығарды.

Едик не дерге білмей, тысқа шығып көрінуге де ұялып, жан қысылғанда қашып кеп үнгірге тығылған қояндай, бадырақ қара көзі жаутаң-жаутаң етіп, үйінде үнсіз отырып алды.

Шу басылды. Балалар кетті. Сонда да, Едикте далаға шығар бет жоқ... Ісін ойласа болды, есі кетеді. Әлі ештеңе емес-ау, ертең сабақ басталғанда мектепке қайтып барады. Жаңағы балалардың көзіне қалай көрінеді?..

Едиктің жанына бәрінен де бұрын осы батты. Ол далада еркін жүруден қалды. Оны таныйтын балалар көрсе болды-ақ, қара төбетті шақырып, айтақ салады. Мектеп есігін де ол осы сынық көңілмен ашты.

II

Мына сәтсіздікті қараңыз, өзінен әлдеқайда үлкен деп жүрген қара бала Едикпен кластас болып шықты. Мына боймен, мына денемен он жаста деп оны кім ойлаған?.. Со біреудің бөлек оқығаны әбден-ақ жақсы болатын еді. Амал нешік...

Қара бала шу дегеннен-ақ мінез көрсетті. Едик екінші қатарға келіп отырып жатыр еді, ол:

— Бұл — сенің орның емес... қорқақтардың орны анау, — деп ең соңғы партаны нұсқады.

Балалар түгел жалт қарасты.

Едик өзін онша қорқақ баламын деп санамайтын. Жолдастары да оны ойлағанын ірікпей айтып салатын, бетті бала деп есептейтін... Ал онын түнде далаға жалғыз шығуға жүрегі дауаламайтынын, ит көрсе, безіп беретінін жолдастары сезе бермейтін. Мұнысын ол қатты жасырушы еді... Енді, міне, өзінен өзі ши шығарып алды.

Едик түк дей алмай, артқы партаға беттеді. Оның үндеместен ыға жөнелгені бұған деген көзқарасты мүлде нашарлатты. Намыссыз, жігерсіз, жасық!.. Әйтпесе жөнсіз киліккен тентекке бірдеңе десе керек еді ғой... Кейбір балалар мұны сездіріп те салды. Кластағы бой жағынан ең кішкентай, жұқа өңді, үйі Ставропольден келген Коля:

— Фи, мынау не қылған бала өзі?.. Біреу тұр десе, кете бере ме екен! — деп қасындағы жолдасына қарады.

Осындай наразылықтар класс ішінде әр жерден сезілді. Бәрінің көзі де Едикке қадалып жеп барады. «Жасықсын! Жігерсізсің!» деп тұрғандай бұл көздер.

Осыны ұқты ма, әлде әбден ашуы кеп, намысына тиді ме, Едик артқы орынға отырды да, мойнын қара балаға бұрды!

— Мені қуғанда өзі үп-үлкен боп алда қоржыйып қалай отырар екен, көрейік, — деді ол мысқылмен.

Бойындағы мінге қатты намыстанатын балалардың әдеті. Қара бала өзінің денелілігін кемшілігіне санай-

тын, бұған ұялатын. Неге осындай жұп-жуан зор болдым екен деп кейде қынжылатын. Оның ұғымында денелілік өзінің сыйқын алып тұрғандай сезілетін. Осы «мініне» қорқақтың аяқ астынан шап беруі оған батып кетті. Бірақ шыжалақтаса, алдағы уақыттарда қысылтаяң жерде «мінін» бетке салық қылып, балалардың жармаса кететінін ойлап, ол бұған мән бермегенсіп, әуелгі беттегі қарқыннан таймады.

— Ой, мен сені сақау ма десем, тілін бар екен ғой... Кәне, аузыңды ашшы, тіліңді көрейік...

Бұл сөзіне балалар ду күлер деп ойлап еді. Алайда, ешкім езу тартпады.

— Барбосты шақырайын ба, бәлем?..

Осыны айтып ол өзі күлді.

— Шақыр!..

— Батырсуын ұзын құлақ қоянын... — деп Едик асқа қақалған адамша шашалып, тұттығып қалды.

— Мен қоян болсам, сен, сен... — деп Едик асқа қақалған адамша шашалып, тұттығып қалды.

— Я, кіммін? Айтып көр... — деп қара бала орнынан атып тұрып Едикке төнді.

— Неменеңе қорқасың, айт, — деді жанында отырған Коля сыбырлап.

Демесінді байқаған Едик қоқыйланып:

— Түк те қорықпаймын, айтамын, — деп қара балаға ежірейе қарады:

— Сен бар ғой, сен аюсың!..

— Аю?

— Қараңдар, эне, құдды аю, қорбаң-қорбаң етеді.

Оның бұл теңеуі балалардың көкейіне қона кеткендігі сондай: Едикке әлгіндегідей емес, бәрі де сүйсіне қошемет көрсетіп, ду күлісті.

— Мишка, Мишка, қыйсық аяқ мишка! — деп өлендетті біреулер.

Дәл осы минутта мұғалім кіріп келмегенде, мұның аяғы жақсылықпен тына қоюы екі талай еді...



III

Қара баланың аты — Миша еді. Бұл өзі әрі қызба, әрі өз жасына карағанда, жүріс-тұрысы, мінезі ірі, жолдастарына сүйкімсіздеу бала болатын. Оның жолдастары бұған көп жуыспай, жуысса да, үйлесіп кете алмай, ойындарының орайы келе бермейтін де, өзінен өзі аралары ажырасып кететін. Өзінің жөндеп ойнай алмайтынын көрмей, ол көбіне жолдастарын жазғыратын. Тіпті тақа болмай бара жатса, ызалана, шатақ шығарып, жұдырыққа кезек беріп алатын кездері де боп тұратын. Мұнысынан кейбір жуас балалар қаймығып, мұның оны-мұнысын елемеуге тырысып, қалайда жанжалдаспауға, ыңғайына көне салуға ұмтылатын. Осыған желіккен бұл өзін өзгелерден күшті сезініп, класта да, көшеде де аяғын алшақ басатын.

Осы мінезі тыңға онымен ере келді. Бұрын көрмеген, білмеген битаныс балалардың алдында ыйғын жоғары ұстап, бірінші күннен-ақ өз бойындағы өнерді таныта бастады. Әсіресе, сүзеген бұқаға сескенбей қарсы жүргені балалар арасында жыр боп тарады. Мектеп есігін ашқанда кластағылардың бәріне мұның аты осылайша әбден белгілі болып біткен-ді... Оған кей біреуі қызыға, енді біреулері қаймыға қарап, қайткенде онымен жұғысуға, соның досы болуға құмартқан...

Сондай «дақты» батырға қорқақ Едиктің қарсы келуі оқушылардың кейбіреулеріне бір түрлі ғажайып іс болып көрінді. Ал енді бірі мұны басқаша жорыды. Едик Мишаның кім екенін білмей соқтықты... Әйтпегенде қайдан оған қарсы тұрсын...



Білді ме, жоқ па, Едик әйтеуір ойлағанын айтып салды. Сонымен бірін бірі жақсы білмейтін, алғашқы рет бас қосып отырған оқушылар коллективінде осы екі бала арасында кикілжің басталды. Бұл кикілжіңнің аяғы немен тынатынын болжап, Едикке жаны ашыған кейбіреулері:

— Сен онымен бекер байланыстың, тез татулас, әйтпесе, ондырмайды,— дегенді іле ескертіп те үлгерді.

— Ондырмағанда ол не істейді? — деп әңгімеге бір бүйірден кеп Коля килікті.

— Не істесін, мұрнын бұзады...

— Ой, оп-оңай бопты!..

— Оған оңай..

— Оңай, оңай!.. Кім сонша ол?.. — Коля Едикке бұрылды.— Қорықпа!..

— Қонаң-қонаң етесің, түрің мынау, сенің қолыңнан не келеді? — деп күлді әлгі бала Коляға.

— Айттым ғой, қорықпа, Едик! — деді Коля ана баланың сөзіне құлақ қоймағанын.

Едик үндемеді.

IV

Миша осы оқыйғадан кейін Едикке ұрынып, шатақ іздеді. Ал Едик оған жуымай, айтқан сөздерін естімегенсіп, әдейі көңіл аудармады. Оның мұнысы өзгелерге анық сезілді. «Қорқып жүр» десті олар. Миша Едиктің жалтаққа көшкенін көріп, оның ыйғына шығып алды. Ол сөйлей қалса, бір килікпей өтпейді. Жалғыз оған емес, өзіне бір ауыз қарсы сөз айтқандарды тықсырып, мүлде еркінсіп кетті. Бірімен бірі сырлас емес балалар, өзара жалтақ-жалтақ қарасып, үндемейді. Миша онан сайын желігіп ойына келгенін істейді. Қласқа келіп алып өзінің «өнерін» көрсетеді. Қластың алдына шығып алып, жеңін түрініп, бұлшық еттерін ырғайды, еденге жата қалып, «қарлығаш» болады. Бір, екі, үш деп өзіне өзі команда беріп, парталардың арасында аяқты сарт-сарт бағады. Кейде төбесімен жерге шаншылып аунап түседі. Мұнысына балалар күлсе, класс ішін одан сайын опыр-топыр етіп, тозаңды аспанға көтереді...

— Миша, ат болшы.

— Миша, машина болшы! — деген дауыстар әртүстан шығып жатады.

Миша заказды екі етпейді. Екі қолын жерге салып жіберіп, төрт аяқтап, ат болып кісінейді, машина болып «гудок» береді...

Мұғалім класс ішінде көтерілген тозаңға, аяғы сынған орындыққа кезігеді.

— Кім мұнша асыр салған?

Балалар жауап қатпайды.

— Неге үндемейсіңдер? Бұл деген масқара ғой... Кезекші қайсың?

Желкесін қасып кезекші тұрады.

— Мына орындықты қыйратқан кім?

Осы кезде төмен тұқырып тұрған кезекші баланың көз қыры Мишаны табады. Ол жұдырығын білсіді, кезекшінің одан сайын үні өшеді.

— Неге үндемейсің? — дейді мұғалім.

— Мен көрмедім,— деп миңгірлейді кезекші.

Кешегі ескертуіне қарамастан, осы оқыйға бүгін екінші рет қайталаған соң, мұғалім қатты ашуланды. Ол сабақ біткен соң балаларды алып қалып, тәртіп жөнінде әңгіме қозғады.

— Сендер басқа класқа үніліп көрдіңдер ме?.. Олар тәртіп бұзбайды, орындық сындырмайды, сыя төкпейді, тозаңды аспанға көтермейді. Неге біз солардай бола алмаймыз? Әлде, біз олардан төменбіз бе? Әлде біз тәртіпті класс болғымыз келмей ме? Әлде біз... деп мұғалім кідіріп, ойлана қарап қалды... — Қалай дейсіңдер, егер тілесең, біз тәртіпті де, үлгілі де бола алар едік қой... Біздің арамызда бір-ен-саран тәртіп бұзатындар бар. Сол үшін бүкіл класс жаманатты болады. Неге біз бір тәртіпсіз үшін түгел жаманатты боламыз? Неге?.. Неге оны дереу тәртіпке шақырмаймыз? Неге жол береміз? Айтындаршы... жөн бе осынымыз? Класс намысы, коллектив намысы сендерді мазаламауы қалай?.. Осыны ойладындар ма?..

Мұғалім осыны айтып, «қане, қалай деп ойлауыңдар» дегендей балаларға қарады.

— Қәне, тәртіпті жақсартамыз ба?

— Жақсартамыз, жақсартамыз! — деп балалар жамырай шулады.

— Олай болса, тәртіп бұзатын кім? Соны талқыға салыңдар! Айтыңдар!.. сөйлесіңдер!.. Ұялтыңдар!..

Балалардың көз қыйығы Едикті іздеді. Ол бір қозғалып қойды да, қайтадан төмен бұқты. Әр кімнің қыймылын, бет құбылысын бағып отырған мұғалім:

— Я, сен бірдеңе айтайын деп пе едің? — деп Едикке бұрылды.

Осы қайтер екен деп манадан аңдып отырған балалар Едикті көздерімен жей түсті. «Сол қорқақ не айтушы еді?» — деді бір бала жолдасына сыбырлап. «Батыр болсаң, өзің неге айтпайсың» деді анау. «Ә, сен неге айтпайсың? — деп біріне бірі қарсы дау айтысып, екеуінің де үні өшті.

Миша өзіне өзі сенімді еді. Едиктің айтуға жүрегі дауаламайтынына кәміл сенгендігі сонша, тіпті, оған қарап жұдырығын түйіп ескерту жасауды да артық көрді.

Едик ақырын орнынан тұрды. Осы шынымен бірдеңе айтқалы тұр ма дегендей, оқушылар енді барықласпен қызықтай қарады.

— Я, я, айта бер, айта бер! — деді мұғалім оны демеп.

— Мен мынаны айтамын...

Манадан бері жайбарақат отырған Миша да енді сақтана қадалды.

— Біз бұдан былай тәртіпті боламыз... ол үшін...

Ол тағы да тоқтады.

«Ал керек болса, саған, — деді әлгі бала сыбырлап, — айтпағанды енді көр!..»

Балалар Едиктің не айтқалы келе жатқанына түсінгендей болды, оған іштей сүйсіне бастады. Ақырын күңк етіп:

— «Жарайсың, қорқағым», — дегендер де табылды.

— Я, ол үшін, — деді мұғалім оның аузына сөз салып.

— Ол үшін?..

Мишадан енді дөкпір қашты. Нанарын да, нанбасын да білмей, аяқ астынан туған мына батылдық оның жүрегіне үрей салды.

— Ол үшін, — деп тағы қайталады Едик, — біз тағу болуымыз керек...

Осыдан кейін оның орнына отырып жатқанын көріп балалар ду күліп жіберді.

«Мұндайда жігерсіз бала болады екен ғой!»

Баста түнеріп, артынан оның жаумай тарқап кеткен бұлттай болғаны тіпті шынында да күлкілі хал еді. Коля орнынан ұшып тұрды:

— Мұғалім, бұл қорқақ, одан ештеңе сұрамаңыз... Ол Едикке бұрылды, неменеден қорқасың? Ұятсыз!.. Мұғалім, Миша Сидоров — біздің кластың абройын түсіруші. Мен қазір сізге түгел баяндаймын...

... Мишаның мойнына су құйылды. Кіп-кішкентай

Коля бұл жыйынның соңында балалардың көзіне алып болып көрінді. Бәрі де оны қоршап алды.

— Сен, Коля, қалай тайсалмадың, а?..

— Неменеден тайсаламын?

— Қой, қой. Титтей де именген жоқсың ба? — деді өзінің бір досы.

— Қызықсың, не деп именем. Мен сендерге сендім емес пе. Біз бәріміз бір тентекке қарсы тұра аламыз ғой. Сендер тұрғанда ол маған ұрынып көрсін!..



Оның мына сөзі Едикке қатты батты. «Қап, мен неге айтпадым екен? Расында да, бізге ол не істейтін еді?»..

Амал қанша, кіп-кішкентай Коля құрлы болмағанына ол әрі ызаланды, әрі ұялды. «Әттең, енді бір сынға түсер ме едім», деп кіжінді ол.

— Несі бар, сыналар талай кезең әлі алда. Сонда тағы да көрерміз сені! — дегендей мұғалім күлкі мен ойлану аралас ақылды көзін оған ұзақ қадады...

М. Иманжанов,

Михайлов ауданы, XIX партсъезд атындағы совхоз (Павлодар облысы)

ЖАҢА ЖЫЛ

Ағаштар үкі тағынып,
Жер бетін ұлпа қар жапқан.
Балалар лек-лек ағылып,
Мектепке келді әр жақтан.

Солдаттай күткен маршалды,
Балалар ашып ортасын.
Құттықтап бәрі қарсы алды,
Аяз ата, елкасын.

СМАТ ҚАБЫЛБАЕВ.

Қызылорда.

Жетіқара Белесінде

Сырбай Мәуленов

ШАЛ ҮЙІНДЕ

Жан екен бір көңілді
Біз жолыққан ақсақал.
Көңіліндей көрінді
Болса да үйі тап-тапал.
Қыз-қыз қайнап үйіші
Тоңған дене жылыды.
Қазандағы ет исі
Қытықтайды мұрынды.
Әзіл сөзге шын әккі
Көрінбейді шал тегін.

Талай көрген сыяқты
Жігіттердің тәлкегін.
Жабыстық кеп біз енді
Әңгіме айт деп сыр тартып.
Аппақ басын изеді,
Келте мұрнын бір тартып.
Ескі күннің қартайтқан
Мандайында бар ізі.
Мынау еді қарт айтқан
Жетіқара аңызы.

ЖЕТИҚАРА МЕН АҚҚАРҒА

Құлаған жолбарыстай қанға батып,
Екі тау екі жерде қалған жатып.
Көп жылдар жүрді елдің көкейінде
Сырлары тындағанда жанға батып.
Тұрды олар айдалада қарауытып,
Көре алмай бірін бірі алабұртып.
Оятты тауларды тек ұйқысынан
Талпынған таң алдында бала бүркіт.
Талай жан екі таудың күйін тартқан
Күй сазы шаң көтеріп құйындатқан.
Есімде осы біреу қалыпты аңыз
Тау сырын баяндайтын тұйық жатқан.
Дүрлігіп түн ішінде ауыл үсті,
Бұрқырап аспанға шаң алып ұшты.
Сартылдап алабақан, ақ сойылдар
Айменен айбалталар шағылысты.
Аузында қалың қолдың тас түйінген
Бір сөз бар әлдекімдер қашты деген.
Ың-жың ғып құлағынды осы сөздер
Ұрғандай естіледі тас төбеден.
Бұл үнге жар тастары жаңғырығып,
Еліктер ен далада қалды бұғып.
Ащы айғай көктен жұлып түсіргендей
Тығылып тау қойнына, қалғыды бұлт.
Өрттей боп өршеленіп барады ашу
Тоқтатты өр ағынын баяулап су.
Қанатын оқ тигендей қалды сілкіп
Шомылған Шортандыда аяулы аққу.
Тұяқтан түйдек-түйдек шаңды ұшырып,
Аттары астарында аласұрып.
Келеді Жетіқара Аққарғамен
Жеткенше бір қараға жан ұшырып.
Қосылмай Аққарға қыз ғашығына
Тағдырдың тап болды ма асуына?
Күйігі кеудедегі жаңбыр болып,
Көзінен келеді ағып жасыл бұла.
Бұл — екеу, қуғыншының есебі жоқ
Ұстаса рахымы — кешері жоқ.
Жас өмір жалт бұрылып қашағандай
Жата ма жапанның бір кесегі боп.
Найзасы оңды-солды шыр айналып,
Ұстауға жау төнгенде ыңғайланып,
Екі жас екі жерде қатып қалып,

Кетіпті асу бермес тауға айналып.
Жас қыршын көкіректер шерге толып,
Алтынды жүректерін жерге көміп
Жатыпты Жетіқара, Аққарғамен
Арқаның адырында дөңгеленіп.
Бұлқынып кеудесінде талайғы арман
Жете алмай Жетіқара қарайды оған.
Көрсетпей қасақана Аққарғаны
Бұлдырап бұлт шымылдық орайды алдағ.
Өмірдің өксіп өткен ұл-қыздары,
Олардан аңыз болып бір із қалды.
Солардың орындалған арманындай
Жанып тұр Жетіқара жұлдыздары.
Ақырын осыны айтып шал кідірді
Шығыстан рауаңдап таң білінді.
Туындай біздің елдің толқынданып,
Бетіне көкжиектің қан жүгірді.
Қалды артта өткен күннің елестері
Олардың арманы осы емес пе еді?!
Алыстан таң сәріден көзге түсті:
Жұлдызды Жетіқара белестері.

ШАЙ ҮСТІНДЕ

Шай үстінде шал кісі
Айтты өзі жайында.
Өткен күннің қайғысы
Қалыпты оның ойында.
Құмды тартып диірменге
Қол балғамен тас үгіп —
Ұйықтамадық түндерде
Болды бәрі бос үміт.
Тұра берді былқ етпей
Алып тастар түксиген.
Тас жонына бір өтпей
Қажытты ғой көк сүймен.
Бір күні тас үгіннен
Жылтырады бір бүршік.
Алтын ғой деп жүгірдім
Жерге түспей тыпыршып.
Қожайынға ақыры
Алып бардым сыйым деп.

Ашуланып ақырды
Бұл бір тозақ түйір деп.
Алдадың деп ант ұрғаш,
Сойып салды дүрелеп.
Айрылдым да алтынпап
Кете бердім енірен.
Қабырғамды сыдыртып,
Құрысын — деп мал тапқан.
Үйшімді шұбыртып,
Кеттім безіп жатақтан.
Өткен кезде мен жүрдім.
Айдап тұрмыс тасқыны.
Қазір менің кенже ұлым —
Рудниктің бастығы
Жолығындар болама,
Жетіқара барсандар.
Ол да үйір адамға
Жатырқамай қарсы алар.

ЗАБОЙДА

Шал баласын қыйналмай
Тауып алдық қаладан.
Көшірмесі тұрғандай.
Айнымайды дәл одан.
— Жаналы, — деп біздер мен
Таныстырды ол өзін.
Байқап қалдық жүзінен
Кішіпейіл мінезін.
— Көрсет, — дедік забойды
— Мақұл, — деп ол бастады.
Жатты ылғый жол бойы
Таудың қызыл тастары.
Баспай бірде аптығын
Мұнаралар бу атты.
Ұшқан булар шахтаның
Алған демі сыяқты.
Алып күшті дүбірі.
Электровоздардан

Солқ-солқ етіп бүйірі
Жер дүрсілдеп қозғалған.
Дөңнің астын кең үңгіп,
Шахта терең бойлаған.
Болса бұрын күп-күңгірт
Қазір күндей жайнаған:
Бұрын ұйтқып тозандар
Басылмаса қарқыны.
Кіріп жатыр таза ауа
Вентиляция арқылы.
Тұр еңбектен от алып,
Забойдың әр бұрышы.
Жатыр кенді қопарып,
Бұрқылдатып бұрғышы.
Кеннің әр тас, әр құмы
Алтын болып аққандай
Бүкіл жердің тағдыры
Сол қолдарда жатқандай.

Жөкеннің досы

Сейфулла Оспанов

Әңгіме



Ересек адамдардың барлығы да жұмысқа кетіп, ауыл тыншып қалған кез еді. Тек сонау шеттегі диірмен двигогінің жүрек соғысындай бір қалыпты майда дүрсілі ғана естіледі. Мана ұясынан қызара балқып шыққан күн көк күмбезді өрмелей көтеріліп, сәске түстікке де барып қалған.

Осы кезде шеткі үйден шашы үрпиген, арықша келген бір кішкентай шикіл сары бала шығып, көше бойыменен кетіп бара жатты. Иығына асып алған жіңішке құрықшасы бар. Құрықша басына боз қылдан есіп тұзақ байлап алған.

Бала жолында кездескеннің барлығына жұғысып, соқтығуға қара таба алмай бара жатқан сыяқты. Тап соның қорлығы өткендей-ақ бір бүйірде қалып бара жатқан кішкентай тастарға да әдейі бұрылып барады да, теуіп домалатып біраз жерге шығарып салады. Бір кезде көше бойындағы ағаштарға секіріп, жапырақ жұлады.

Жандыдан тиісер ештеме таппай, жансыз заттармен арпалысып келе жатқан Әлектайдың алдынан бір ала күшік өте беріп еді, қолындағы ұзын құрықшасымен сыйрақтан қаға ұрып, оны да зар қақсатты. Қаңсылаған күшіктің даусымен байлаудағы қабаған төбеттер мен ауылдың тамам иті қосыла үріп, жап-жаңа ғана тыныштыққа ұйып тұрған ауылды азан-қазан қылды.

Ала күшіктің сыбағасын беріп, қорасына қуып тыққаннан кейін ол алған бетіне қарай қайта жүрді.

Шекесі торсықтай бұлтыйған екі-үш жасар бір кішкентай бала төсегінен жаңа ғана бас көтеріп, ұйқысын аша алмай, есігінің алдында монтылып қана тұр еді, Әлектай оның да «ұйқысын ашып» кетті: жанынан өте беріп, шекесінен тырс еткізіп шертіп жіберді. Бала бақырып қоя берді. Оң қолымен

шекесін басып тұрып, Әлектайға ала көзімен бұртыя қарап:

— Дулак¹ — деді.

— Не дейсің, ей! — деп Әлектай қайта бұрылған кезде, кішкентай бала:

— Дулак, ал дулак, — деп үйіне қойып кетті.

Әлектай көшенің аяқ жағындағы айналасы дуалмен қоршалған, көк шатырлы ақ үйдің жанына келіп тоқтады да, қақпасын қақты. Жөпшенділікпен ешкім жауап бере қоймаған соң:

— Әй, Маубас! Маубас, әй!.. — деп айғай салды.

Мұның маубас деп тұрғаны — осы үйдің Жөкен дейтін баласы. Әлектай айтқандай ол ұйқышы-маубас болмағанымен, басының үлкен екені рас еді. Сондықтан да Әлектай өзінің бұзықтығына барып, оны біресе «Маубас», біресе «Қыйсық бас», біресе «Қазанбас» — деп мазақтай береді. Жөкен оны елең де қылмайды. «Не десен, о де, сенен сабақты жақсы оқыймын ғой, әйтеуір» — дейді де қояды.

«Маубас» деген айғайына жауап болмаған соң, Әлектай енді:

— Қазанбас-ай, Қазанбас! — деп дауыстады.

Үйден тағы да ешқандай дыбыс болмады. Әлектай енді:

— Жөкен-ай, Жөкен! — деп бар даусымен бақырып, оң аяғымен жер тепкілеп, бүгіліп тұрып айғайлады.

Сол сәтте ішкі сырға темірді сылдырлата сырғытып қақпаны ашып, Жөкенің әжесі шықты да:

— О, не боп қалды, қарғам? — деді қабағын шытыңқырап, екі қолын тізесіне таянған күйі белін әзер жазып.

¹ Дулак — дурак — ақмақ деген сөзі.

Әлектай оң қолымен желкесін қасып, қыйпақтап тұрып:

— Жай әшейін, маған Жөкен керек еді, — деді бәсең үнмен.

— Жөкен өзен жаққа кетті-ау деймін, қарғам.

— Е, ендеше жарайды, өзім тауып алармын, — деп Әлектай бұрыла берген кезде, көмпір:

— Беу Әлектай-ай, белі құрғырым шойрылып, бір крелке басып жатыр едім... — деп ренішін айтып, қақпасын жауып жатты...

Сарысу көктемде арнасынан асып, мол тасығанымен шілде мен тамызда жылап қана ағады. Тіпті кейбір жерлері тартылып, ирім-ирім қарасу тәрізді болып қалады. Осы ирімнен балалар балық аулайды. Шорағайға тұзақ, аққайраңға қармақ салады. Қуысқуысты паналап, бұқпантаймен жүретін жадьғысқан кездесе, оны шанышқымен түйрейді. Осы өнерге ең шебер бала — Жөкен. Бүгінгідей ашық, тымық күндері Жөкенді байласаң да үйде отырғыза алмайсың. Соны білетін Әлектай: «Өзен жаққа кетті» деген Жөкенді енді ирімдерден іздеуге жөнелді.

Атқанындай-ақ Әлектай Жөкенді «Жаңабаз» түбіндегі ирімнен тапты. Екі жағасына майда көк құрақ өскен, алты қанат үйдің орнындай ғана мөлдір ирім. Су түбіндегі түймедей тастың өзі анық көрінеді. Ирімге жоғарыдан келіп болмашы ғана су ағып құйылып жатыр да, сондай су аяқ жағынан жылап арып кетіп жатыр. Бір топ аққайраң су ішінде бірдемесін жоғалтып алып, жабыла іздеп жүрген сыяқты жұбін жазбай ерсілі-қарсылы дамылсыз жүзеді. Аққайраңдарға: «батыр болсаң, жуышы кәне маңыма» деп тұрғандай-ақ, қарашұбар жыландай қатал кескінмен әр жерде шорағайлар тұр қыймылсыз сазарып.

Әлектай келгенде Жөкеннің балық қызығына нағыз кірген кезі еді. Өзен жиегіндегі дымқыл қайраннан су шығарып, шұңқыр қазыпты да, алған балықтарын сонда тастай беріпті. Балықтар табак аузындай ғана кішкене, тайыз судың ойранын шығара бұлқынып, тірі жатыр. Әлектай келген бетте осыған кеп үнілді:

— Маубасым-ау, біраз балық алып тастапсың ғой өзің, — деп, басын көтеріп Жөкенге қарады.

Жөкен оған ешбір жауап қатқан жоқ. Бар ынтасы су ішіндегі балықтарда болып, өзімен өзі жүре берді. Әлектайды тіпті адам келді-ау деп те елеген жоқ. Әлектай оның

қас-қабағын таныды да, әдейі соқтыға түсті:

— Ау, Қыйсықбас-ау, үндемейсің ғой өзің, — деп, жанына барып бүйірінен түртіп қалды.

— Әй, қойшы, осы сені! — деп Жөкен оған ала көзімен қарады. — Жұғыспашы осы, маған!

— Е, неге?

— Сенімен бірге жүремін деп бәлеге ылғый мен қаламын. Қешегі төбелесті де менен көріпті. Қой деп, екеуінді арашалағаннан басқа жазығым жоқ еді. «Сенің балаң мен Әлектай екеуі біздің баланы ұрып кетіпті» — деп түнде Мұраттың әкесі келіп мамама айтты. Мамам қатты ұрысты. Енді-гәрі Әлектаймен бірге жүруші болма! Бұзылып кетесің деді.

— Е, ұшынып тұрғаның сол екен ғой! Немене, сенің жолдастарыңды мамаң тандап беруші ме еді? Өйтіп бұлданбай-ақ қой. Немене? Сенімен жолдас болмаса, өледі ғой дейсің бе?

Оған Жөкен еш жауап қатпады. Су жиегіндегі қамыстан ортан беліне шейін шығарып, үйездеп тұрған бір шорағайды көрді де, басында тұзағы бар ұзын құрықшасын су ішіне алыстан матырып, шорағайдың тұмсығына қарай ептеп жылжыта бастады. Тұзақ желбезектен өте берген кезде Жөкен құрықшаны бір лықсытып өзіне қарай тартып қалып, қас пен көздің арасында тулатып, шорағайды сыртқа лақтырып тастады.

Бұл кезде Әлектай да бір шорағайды көріп, өзінше тұзақ салған болып жатыр еді. Бірақ ол Жөкендей епті қыймыл жасай алмады. Тұзағы шорағайға таяна берген кезде қолы қалтылдап, құрықшасы шорағайдың тұмсығына тиіп кетті. Сол-ақ екен оқтай атылып шорағай да жоқ болды. Кімді тілдегенін өзі де білмей, бір бұрқ етіп, Әлектай тұрып қалды.

Тақылдаған тілі болмаса, Әлектай мұндай өнерге жоқ бала. Күнде Жөкенге еріп келіп, бөліс алатын...

Әлгі екі арада Жөкен тағы да бір шорағайды іліп тастады. Қанша қызыққанымен мұндай өнер өзінің қолынан келе қоймасын білген соң, қарап тұрғанша деп, ермекті енді ол басқа жағынан іздеді. Сөйтіп тұрып оны тапты да. Айтпақшы, қалтасында екі жағы дөңес линза шынысы бар екен ғой!..

Жөкен тышқан алатын мысықтай жымьш тұрып, шорағайдың мойнына тұзақты апара берген кезде, оның сырт жағында тұрған

Әлектай шынысын күнге тосып, сәулесін Жөкеннің желкесіне түсіреді. Шыныны алыста та түскен сайын сәулесі кішірейіп, ноқаттай ғана болып шымырлап, бір орнында тұрып қалған кезде, Жөкеннің желкесі шым ете түседі.

— Ойпырмай, ондырмай шақты-ау,— деп, сол жақ қолымен желкесін жалма-жан басып қалғанда, тұзақ ұстап тұрған оң қолы да қатты қозғалып, шорағай үркіп кетеді.

Әлектай бұзық бұл кезде түк білмегендей, шынысын уысына жасырып, теріс қарап тұра қояды.

Осы бір әрекет талай рет қайталанды. Қулық-сұмдықпен жұмысы жоқ аңқау Жөкен мұны өзен бойындағы бірен-саран масадан көреді.

Бір ретте, шорағайға тұзақ салуға ыңғайлана бергенде, арт жағынан созылған қолдың көленкесін байқап қалған Жөкен жалт қарап, Әлектайдың қолындағы шыныны көріп қойды.

— Өй, оңбаған, манадан бері азаптап тұрған сен екенсің ғой,— деп тұра ұмтылды.

Әлектай сақмықтай күліп, тұра қашты.

Жөкен жақындай берген кезде ол бір түбірге сүрініп, мұрттай ұшты да:

— Ойбай, аяғым! Ойбай, аяғым! — деп, оң жақ аяғының тобығын ұстап зар қақты.

Қолына түссе жеп қоярдай болып, ыза

буып келе жатқан Жөкен Әлектайдың үстіне қона кетпеді: Жүгіріс екпінімен ағып өтіп барып тоқтады да, қайта айналып келді. Әлгіндегідей емес, енді оның бет әлпетінде үрей аралас аяныш белгісі бар сыяқты. Не айтарын да білмей қысылып, кінәлы адамдай біржола жасып қалыпты:

— Өзің ғой енді, өзің...— дей береді күмілжіп.

Әлектай оның сөзіне құлақ асуға да мұршасы келетін емес. Екі қол бірдей он аяқтың тобығында, астыңғы ернін тас қып тістеп алып, бетін тыржыйтып, шыдай алмай теңселіп, қатты аурықсынып отыр. «Ойбайдан» басқа айтары жоқ...

Жөкен дағдарып:

— Ойпырмай, қайттік, енді қайттік,— деп Әлектайдың о жағына бір, бұ жағына бір шығып, біраз жүрді де:— Тобығыңды орамалмен таңсам қайтеді,— деді.

— Таңсаң, таң.— Оның даусы әлсіреп шыққандай болды.

Жөкен жүгіріп барып, шалбарының қалтасындағы ақ орамалын әкелді. Таңайын деп, ауру аяққа қолын сәл тигізіп көріп еді, Әлектай бақ ете түсті.

— Шыдашы енді, шыдашы...— деп жалынды Жөкен.

— Мені ауылға бірдеме қып жеткізсейші...— деді Әлектай ыңырсып...

— Жарайды ендеше, сен ептеп отыра тұр. Мен киімімді киіп келейін,— деп Әлектайды еппен ғана қайта отырғызды да, өзі киімін киюге жүгіріп кетті.

Бұлар ауылдан бес шақырымдай жер ұзап кеткен екен. Ыстық күнде қалжырап, өзіндей бір баланы арқалап Жөкен келеді. Баланы көтергендіктен емес, басын мен-зең қып билеп алған ауыр ой қажытады. Көзіне баласын барынша әлпештеп ұстайтын Әлектайдың әкесі мен шешесі елестейді...

Бала ойы қайдағы бір болмайтын нәрсені де шарлайды. «Өстіп келе жатқанда, Әлектайдың аяғы өзінен өзі бірден жазылып кетсе, екеуміз де үйге түк білмеген адам сыяқты болып барсақ!..» «шіркін-ай-!..»

Жөкеннің арқасында келе жатқан Әлектай өзін кинолардан көріп жүрген жаралы солдатқа ұқсатады. Жөкен мұны далаға тастап кетпей, жауынгерлік міндетін атқарып, арқалап келе жатқан сыяқты.

Орта жолға жете берген кезде Жөкен өзінің қатты қалжырағанын сезді. Мойнынан, самайдан сорғалаған тер манағы шыны күйдірген жерге тиіп удай ашытады. Күн көзі



де манағыдай емес, бұл кезде аспанның ең шырқау биігіне көтеріліп алып, ыстық сәулесін тас төбеден шаншылта қадайды.

Кішкене дем алайықшы,— деді Жөкен.

— Алсақ алайық,— деп жауап қатты Әлектай.

Жөкен оны жайлап кана арқасынан түсірді де, қатты бір күрсініп отыра кетті. Соған соң көйлегін шешіп алып желпінді...

Терін басып, біраз тынығып алғаннан кейін Жөкен Әлектайды арқасына қондырып алып, тағы да ілгері жылжыды. Күн төбеден ауған кезде бұлар да ауылдың шетіне ілікті. Әлектайды үйіне бірден апаруға батылы бапмаған болу керек, Жөкен:

— Қайда барасың? Ең әуелі біздікіне барсақ қайтеді? — деді алқынып. Сол кезде:

— Жоқ, мен өз үйіме барамын,— деп Жө-

кеннің арқасынан секіріп түсті де, Әлектай үйіне қарай зыта жөнелді. Күліп барады. Артына қарай-қарай күледі.

Жөкен не дерін білмей, аузын ашып тұрып қалды. Жүрегінен бір қуаныш сезілгендей болады. Сірә, Әлектайдың аяғының аман болып шыққанына қуанатын сыяқты. Әлектайды қуған да жоқ, оған ләм деп сөз де айтқан жоқ, біраз тұрып-тұрып үйіне қарай бұрымды...

Жолдасын қаншалықты азапқа салғанында ісі жоқ Әлектай:

— Жөкенді мен сөйтіп алдап кеттім,— деп бүкіл ауылдың баласына мақтанды. Оны бір үлкен өнер біліп мақтанды.

Осы күннен бастап балалардың Әлектайға деген көзқарасы өзгерді... Әлектай тентек бала атанды. Досы Жөкен де оған қайтып жуымады.

ӨЗІҢ ЖАСА

Домбыраны қалай жасау керек

Қазіргі ұлт аспаптар оркестрінде домбыраның негізгі бес түрі бар.

Олар: пиколо, (ең кішісі) прима, тенор, бас, контрабас (ең үлкені).

Біздің бұл айтайық деп отырғанымыз ел арасында жиі кездесетін тенор домбыраның жасалуы.

Бұл домбыра негізгі төрт бөлімнен құралады. Атап айтқанда: басы (1-сурет), мойны (2-сурет), беті (3-сурет), жақтау (4-сурет).

Алдымен осы бөлімдер жеке-жеке дайындалады.

Әуелі белгілі қалыппен иілген жақтаулардың ұштарын домбыраның мойын ағашының қақпақпен жалғасатын жеріне жіңішке шегелермен бекітеді. Бұл жақтаушылардың екінші ұштары да домбыраның ішкі түбіне орнатылатын қалыңырақ ағашқа жоғарыда айтылғандай жіңішке шегелермен бекітіледі.

Бұнымен қоса жақтаушылар бір бірімен мықты ағаш желіммен жапсырылады. Сонымен бірге шегеммен бекітілген жақтаулардың ұштары да осылайша желімделеді. Енді осы жақтауларды біріктіріп домбыраның мойнына жалғаннан кейін домбыраның беті (қақпағы) орнатылады. Жалпақ тақтай болмай қалса, қақпақты екі бөліктен құрауға болады.

Қақпақтың бұл бөлімдері өзара желіммен бекиді. Желіммен екі тақтай жақсы кыйысуы үшін әрі қақпақ майыспау үшін қақпақтың мойын және түп жағына көлденең екі жіңішке шыбықша қоса желімделеді. Әзір болған қақпақ қалыпта кигізулі тұрған жақтаушаларға желім арқылы жапсырылады.

Домбыраның түп жағы мен мойнын жалғастырғаннан кейін мойынның қақпақшасын желімдеу керек.

Бұл қақпақшаның ұзындығы домбыраның мойнымен бірдей, ал қалыңдығы 3 миллиметрдей мойынның бұл қақпақшасын домбыраның бетімен бірдей етіп (не жоғары, не төмен түсірмей) желімдеу керек.

Содан кейін мойынға домбыраның басы орнатылады. Мойынның домбыраның басы жалғасатын жерінде ашық жері болады. Бас сол жерге бекітіледі.

Домбыраның басында екі тесік бар, оған құлақтар салынады. Домбыраның түбінде ағаштан жасалған түймеше орнатылады (желім арқылы). Ол шек орау үшін керек. Енді домбыра әбден жасалып біткеннен кейін оны сырлайды, содан кейін лак жағалы, кептіреді. Мойынға пернелер байлайы. Әдетте пернелерді шек таққаннан кейін байлау керек.


Тенор домбыраның жалпы ұзындығы 88 сантиметр.

Басымен қоса есептегенде мойынның ұзындығы — 48 сантиметр. Қақпақтың ұзындығы 40 сантиметр. Ықшамдырақ қып жасаймын деушілер домбыраның ұзындығы 70—75 сантиметрдей жасауына да болады.

Домбыра, қайың, арша, жаңғақ ағаштарынан жасалады.

М. И. РОМАНЕНҚО,

Консерваторияның домбыра жасаушы шебері.



1. Сурет. Басы
4. Сурет. Жақтау
2. Сурет. Мойны
3. Сурет. Беті (қақпағы)



Қарт шопанның әңгімесі

М. Тиесов

Суреттерін салған А. Воеводин

— Малды қаһарлы қыстан аман алып шығу оңай емес, шырағым. Біздің әрбір қысымыз малшыға да, малға да үлкен сын. Қар қашан кетеді, көктем қашан келеді? Мұны күн бұрын дәл болжау қиын. Алайда қойды бірінші, кейде бесінші, кейде оныншы апрельден бастап қоздағу есебімен күйек аламыз. Кейде бұл есебіміз дұрыс та болып шықпайды. Сонау бір жылы қар апрельдің онына дейін қаймағы бұзылмаса жатып алды.

Дәл бүгінгідей әлі есімде. Қыс аяғы созылған соң күннің өтуін саусағыммен санап жүрген кезім еді ол бір. Марттың тоғызына қараған түнде жел түні бойы тынбады. Боран толастамады. «Мына боран толастамаса, ертең қой тебінге шыға алмай, тұрып қалады-ау» деп ішімнен уайымдап жаттым. Олай болмады. Таңға таянғанда жел төбеге ұрғандай тына қалды. Күндегі әдетім бойынша таң сәріден тұрдым да, жігіттерді ертіп алып, маядан дәу бір шана шөпті пар өгізбен алып келдім. Қораның ық жағындағы бетке шашып тастап, қойды қорадан шығардым. Шашылған шөпті қарбыта жеп, қой тоқ бүйір болғанша күн жоғары көтерілді. Ертеңгі суықтың зәрі де сынды.

Қойды енді тебінге шығарып әкету жайлы қабырғама кеңестім.

Бүгін қойды қалай қарай өргізіп, қай жерге тебіндеткен дұрыс? Қыс аяғында он екі құбылатын желге сенуге бола ма. Боран соғып кетпес пе екен? Егер боран бола қалса, қойды ауылға жеткізудің жолы қайсы?

«Күнде қойды далаға айдарда осы сұраулар мені қоршай қалатын еді. Бүгін де соны істеді.

Март айы буаз малдың іші өсіп, аяғы әб-

ден ауырлайтын мезгіл екені белгілі. Оның үстіне бұл кезде біздің жайылымда қар қалыңдап, жай жерден салт атпен жүрудің өзі мүлде қиын боп қалады. Жылдың бұл мезгілін «жіңішкенің үзіліп, жуанның созылатын кезі», дейді малшылар. Міне осы мезгілде қойдың баратын жері әрі от, әрі жақын болуы керек. Қасымыздағы Қанку тауының күн жақтағы бір жылы қойнауын жыл сайын мен әдейі осы «ұзын сары» — мартқа арнап, соны сақтайтын едім. Бір қалт еткенде атқа шана жегіп алып Қанкудың осы күнге бетіне жол да тартып қойғам. Қойды сол күні қыстай соны сақтаған қойнауыма салдым. Шөбі қалың жердің қары қалың болғанымен, еспе, бос болады. Баурынан келген қарды қойлар аяғымен есіп, өте сүйсіне жайылып жатты. Түске тарта күн де жақсы жылынды...

Бір мезгілде боз саулық жердің отын жақтырмаған малша қойқаңдап, олай-былай жүре бастады. Ол өзі көктемде, көбік қарда қойды шалқыта жайғанда малдың алдын бермейтін отшаң жануар еді. Қой тоғытқанда да суға ең алдымен сол түсетін. Сол боз саулықтың оттамай, сырдаңдап жүре бергені көңліме ұнамады.

«Бұл несі, мына қойнаудың быйылғы оты жануарға жақпады ма?» деп ойладым ішімнен. Өйткені қайсы бір жердің оты жылда малға жағып жүргенімен, бір жылдарда жақпай қалатын болады. Бірақ істің анығы олай болмады. Сәлден соң боз саулық бір жатып, бір тұрып, тыпыршый бастады. Сөйтсем жануар толғатып жүр екен.

Ай далада қойы толғатып жүргенде, қойшы қарап тұра ала ма. Қозыны қар үстінде туғызуға болмайды. Ат үстінен ер тоқымды

сыпырып алдым да, тоқымымның ішкі бір қабатын қолыма ұстап, боз саулықтың қасына келдім. Мен оның қасына келгенімде, ол қызғаншақтап, жатқан жерінен тұрып кетті. Қар теуіп жатқан қалың қойдың арасына кіріп, тағы да жатты. Қашан қозы туарманға келгенге дейін жанына жоламайын деп ойладым да, енді оны сыртынан бақыладым. Бақымай жүріп, әр түрлі ойға баттым.

Қойдың қоздай бастауына әлі де он бес он алты күн бар. Мынау мен күтпеген іс...

...Шала жансар тықыр көк қозы тоқым үстінде басын соғып, аяғын шалғылап жатыр. Сөйтсем бұл саулық күні толмай қоздапты. Күні жетпеген қозы шала туыпты.

«Бұл қалай, ат тепті ме, сыйыр сүзді ме, мұның қозы тастағаны несі?»

Төл басының ақ қар, көк мұзда шала тууы өте жаман. Жаппай іш тастау басталар ма екен деп те қорықтым. Мына тоқым үстінде көзі жұмулы, аяғын шалғылап жатқан қызым шақа қозы өлсе, бұдан кейін туған қозының бәрі шетінен қырыла беретіндей көрінді маған осы арада. Өз өзімнен қатты қысылдым. Қысылғаным жоқ-ау, ұялдым. Бүкіл колхозшы өзінің жалпы жыйналысында: «Саулық қойды Ботайдан басқа адамға беруге болмайды» деп отырып алғандары көз алдыма елестеді. «Е, Ботай, көптің сенімін ақтамайтын болсаң, колхоздың малына жолап нең бар еді!» деп өзіме-өзім ренжідім.

Құр қынжылып, қажығаннан шығар пайда қайсы. Елсіз далада мал бағып жүрген малшы қысылған кезде ең алдымен қамшыны өзіне басады. «Қой, Ботай, шатаспа. Кеуденде жаның болса, мына төл басының жанын сақта» деп әуелі өзіме-өзім бұйрық бердім. Содан кейін үстіндегі ұзын тонды сыпырып тастадым да, қозыны орадым...

Енесі шала туса, оған қозы кінәлі ме. Тонымды тезірек кидім де, қол басындай көк қозыны қойныма тығып алдым. Сөйтіп мезгілсіз қар үстінде шала туған көк қозы күні бойы менің қойнымда жүрді. Менің жүрегіммен бірге оның жүрегі де күні бойы бірге соқты...

Кешке қойды ауылға әкеп қоралаған соң кемпіріме ескі тұлкі тымағым мен жабағы жүн таптырып алдым. Содан кейін пештің түбіне шешіндім де, қойнымнан қозыны шығарып, жабағы жүнге орадым. Жүнге жылы оралған қозыны тымаққа салдым. Сөйтіп пешке таяу қабырғаға бір үлкен шегені қак-

тым да, тымақты сол шегеге іле салдым. Келесі күні сәскеде қойға кетерде тымақ ішіне қолымды салып көріп едім, қозы жылы жатыр екен.

Үшінші күні оның аузына тілімді салып көрдім. Менің тілім оның таңдайына тигенде ол жағын қыймылдатты. Осыны білген соң мен оған аузыммен сүт бердім. Екі рет тамсанған сыяқтанды да, одан әрі шамасы келмеді. Талай-талай жаурап қалған төлді тірілтіп алғаным да бар еді. Ал мына жылы үйде жабағыға ілулі қозының аузының іші суып бара жатты. Мұнысы тірілудің, бері қараудың белгісін көрсетпеді. Неде болса тамақтандырайын деп аузына жылы сүт құйып көріп едім, ол жұта алмады. «Көп берме, көтере алмайды, күпті болады» деп кемпірім де шыж-быж бола қалды.

Сол күнді қойға көмекшімді қалдырдым да, орталыққа келіп, дүкеннен емізік сатып алып қайттым. Сол емізікпен бір қасық жылы сүтті шала жансар қозының көмейіне күн сайын жібере бердім.

Еңбегіміз еш болмады. Кешікпей төл басы аяқтанып, біздің сонымыздан еретін болды...

Неліктен екенін білмеймін, әлде маған осылай көрінді ме, оның тісі өте тез шыққан сыяқтанды, ерте отықты. Қолымыздан нан жей бастады. Кемпірім оған кішкене корзина дайындады. Мен оның корзинкасына ерте шабылған майда көк шөптен күніне үш рет бір уыстан әкеліп салып жүрдім. Корзинаға әкеп салған жаңа шөпті ол әуелі бір-бірден, келе-келе екі-үш талдан жейтін болды. Сөйтіп жүргенде қой да қоздай бастады. Белгісіз себеппен күні толмай туған төлбасыны мен бір сүтті қойға егіздетіп телдім де жібердім.

Қар үстінде шала туған сол қозы осы күні дәу боз саулық. Бұл саулықтан жыл сайын төрт-төрт жарым кило жібек жүн қырқамын. Боз саулық жыл сайын ұрғашы қозы туады. Жыл аралатып егіз табады. Осы алдағы көктемде боз саулық тоғызыншы рет қоздайды, оныншы рет қырқылады. Сонда, орта есеппен, бұл боз саулықтан неше килограмм жүн қырыққанымды, тек осы боз саулықтан өрбіген немере-шөберенің қанша қой болғанын, өзің есепте. Мен тек мынаны ғана айтамын:

— Жыл сайын бірінші төлді — төл басыны қандай сезіммен қарсы алған адам барлық төлді де сондай сезіммен қарсы алады...

Қасқырдың қулығы

Аңшының блокнотынан

Таң ата қасқырды тоспақ болған жеріме тарттым. Қарсы алдымдағы шоқының арғы геріскей беті тобылғылы терең сай. Өзім осы сайдың күнгейінен ертеңгі, кешкі жайылымда жүргенінде елік атушы едім. Бер жағынан қапталдап барғанда, бой тасалап, иек артып қарайтын шошақ тас бар-ды. Сол тастан баспалдап қарағанда төмендегі бүкіл күнгей де, тобылғылы теріскей де төңкеріліп көз алдыңа келеді. Мен сол тасқа келдім. Жел қарсы соғып тұр. Мұндайда аңшы «иіс оң екен» дейді. Тасқа жаңа ғана иек артқанымда өзіме қарап, тобылғыдан күнге шығып, еліктің бір ешкісі мен текесінің жайылып жүргенін көзім шала кетті. Таяп келгенінде атайын деп, мылтығымды жай кезеніп күттім де, отырдым. Сайдың басы күнгейге асатын аш кезеңге көз тастап ем, сол арада құлақтарым тікірейтіп, қылқыйып екі қасқыр тұр екен. Бұлар — сөз жоқ, елік аңдыған қулар. Екеуі де қылт етіп кезең асты, жер бауырлай еңістен жылжып келеді, құлақтарын жымырып алыпты. Алдыма нысана атым жақындап кеп, тоқтады. Шүріппеге сұқ қолым барып-ақ қалғанда, бұрын көрмеген көріністі көріп, кідіре қалдым. Кенет арланы төрт аяқтап қарды үсті-үстіне бұрқымдата тарпып, шұңқырлап ойдымға жата қалды. Қаншық дереу оның желкесіне шығып ол да керіле төрт аяқтап тарпып, артына қарай қар шашып арланды көмді

де, қылт етіп, кезенді қайта аса жөнелді. Арлан қардан әуелі тұмсығын, соңынан көзіне дейін шығарып алып, иегін қайтадан қарға сүйеп сұлық жатты.

Аздан кейін екі елік өрге қарай үрікті. Іле әлгі қаншықтың еліктерден төменіректе бұлаңдап жүргенін көрдім. Еліктер іркістіркіс өрге қарай секіріп-секіріп тоқтап, мойындарын бұрып, еніс жаққа шошына қарап, бәу-бәу деп бақырып-бақырып қояды. Қызықты күтіп, мен жаттым. Еліктер тағы секіріп арланның алдынан өте бергенде, ол октай атылып, текенің тамағына жабыса түсті. Теке бақырып арпақ-тұрпақ жұлқынды, екеуі итжығыс құлады, тік беттеп ұмар-жұмар домалады, алысып қайта тіресіп тұрысты. Тамақтан жабысқан арлан ә дегенше текені қырылдата буындырып, көтеріп соқты. Алдыңғы екі аяғымен шірене тіреп, текенің шабынан тістеп екі тартқанда қарнын ақтарып салды.

Мылтығымнан түтін бұрқ еткенде, арлан арс етті де, оқ тиген өз өкпесін қапты, оқтың шыққан жағына қайырылып және қапты, өзін өзі талап еніске домалады. Арлан сол бойда бір түп тобылғыға тіреліп, төрт аяғы көкке қарап сұлап қалды. Қу сазайын тартты. Тыпырлап жатқан текені бауыздап, қанжығама байладым.

А. ДҮКЕНБАЕВ

Талас

Ағасы мен інісі ауыл іргесінен әудем жердегі фермаға жолмен келе жатты. Ағасы бір мезгілде шегірткеден шошып ыршып түсті де:

— Ойпырай, зәрем ұшып кетті ғой, кел бір таяқ кесіп алайық,— деді.— Шөптің арасынан тағы бірдеңе шыға кеп жүрер.

— Тек өзің қорықпа,— деді інісі.— Қорықпасаң, түк пәле жоқ!

Бірақ жүрегінің лүпілі әлі де басыла қоймаған ағасы аяғындағы су жаңа ботинкасын сықырлата басып, жолдан сонадай жерге бұрылып барды да, талдың арасынан бір таяқ кесіп әкелді.

Жаңағы жерден аттап шыққандары сол еді, бұлар, айтқандай-ақ, жолдан жорғалап өткен жылан-

ға килігіп қалды. Қапелімде құтылып кете алмайтынын сезген жылан ысқырып айбат шекті. Ағасы оны таяқпен бір салып, басын мыжып тастады. Сөйтті де інісіне қарап:

— Кәне, қорықпаса, түк пәле жоқ дегенің қайда?!— деді.

— Я, айтқамын. Расында, бұл қорықпағанда кездеспейтін де еді,— деді інісі тайсалмай.— Өйткені, мана таяқ кесіп алып кідірмегенде, жылан келіп жетпес бұрын-ақ біз бұл жерден өтіп кететін едік!

Кімдікі дұрыс?

А. ШАНШАРОВ

Қорқақ

(Болгар ертегісі)

Оқыйға өзіміздің орманда болды. Сендердің бәрін де сол орманға барып жүретінсіңдер, сондықтан, бұл оқынғаны—залалсыз аюандардың ашқарақ қасқырларға қарсы күреске шыққанын естіген боларсыңдар-ау. Бірақ, бір қорқақ қоянның тартыстан тайсақтап, бас сауғалап жүріп, аяқ астында өлгенін ешкім білмейді.

Оның жайы былай болған:

Орманда қасқыр үйір-үйір болып қаптап жүретін. Олар қашып құтыла алмағанын момын аюандардың бәрін ұстап жей беретін. Қоянды кездестірсе — жейді, жайранды я бұғыны кездестірсе, оларға шап беріп атылып, талайды. Күн асқан сайын қасқырлар құтыра түседі, ешбір анды аямады. Аюандар қасқырлардан қорғалақтап, орманда, бұтаның түптерінде, өзектерде жасырынып жүрді, бірақ бассауғалай алмады. Қасқырлардың бармаған жері қалмады. Олар ашқарақтана ұлып, орманды бастарына көтерді. Қасқырларға жем болып жүрген момын аюандар күндерде бір күн түсі ісіп, бәрі жыйналып, кеңесті де, хауыптен құтылуға бел байласты. Қорғанып қана қоймай, қасқырларды орманнан қуып шықпақ болып келісті олар.

— Біз әлсізбіз, қасқырлар бізді құртып жібереді ғой,— деді бір қорқақ қоян сол кестеде.

— Жоқ, біз әлсіз емеспіз,— деді жауап берді оған бұғы.— Егер, біздер, бұғылар, бәріміз қосылып күрессек, біз қасқырларды жарып тастар да едік.

— Біздің мүйіздеріміз де үшкір,— деді тау ешкілері,— біз бұғыларға көмектесіп, қасқырға қарсы соғысамыз.

— Біздің де шайқасқымыз келеді,— деді ызылдаған аралар.— Біз өзіміз кішкентай болсақ та, оңдырмай шағып аламыз.

Сонымен, барлық аюан қасқырларға қарсы соғыс ашпақ болып келісімге келді.

— Менің мүйізім де, тұяғым да, шағатын тілім де жоқ. Мен қасқырлармен соғыса алмаймын. Бірақ, аяғым ұзын ғой, қашып кетсем,— құтылармын,— деді қоян.

Қоянның бұл сөзіне бұғы:

— Рас, барыңмен базарсың, жоқты қайдан қазарсың. Сенің мүйізің де, тұяғың да, шағатын тілің де жоқ. Бірақ, сен бәрімізден ұшқырсың, тез жүгіресің. Бізге барлаушы бола аласың ғой. Қасқырлардың қайда тіміскіп жүргенін білесің де, бізге хабар бересің, біз қасқырларға лап қоямыз.

— Барлауға барғым келмейді,— деді қоян,— өз басымды сақтасам болды.

Солдай деді де, қорқақ қоян орманға кіріп, қалың ағаштың арасына барып жасырынды. Момын аюандар қасқырлармен соғысты бастап та жіберді. Бүкіл орман шулап, жаңғырықты. Айналаны айғай-шу басты. Қалшылдаған қоян бұтаға жасырынып қалды.

Үш күн, үш түн бойы кескілескен соғыс болды. Бірсыпыра момын аюан өлді— оларды қасқырлар талап тастады. Қасқырларға да оңай соқпады, талайының іші ақтарылды, талайының басы ұшып түсті. Үшінші күнге қарағанда момын аюандар жеңіп шықты. Қасқырлар жүні жығылып, жан-жаққа қашты. Бір қасқыр ағаш түбіне барып жасырынды. Қорқақ қоян да осы жерде еді. Қоян қасқырды көріп:

— Мені жемеші, замандасым— қасқыржан, мен қасқырлардың шын досымын. Момын аюандар мені өздеріне барлаушы етіп алмақ болып еді, менің сендерге қарсы соғысым келмеді,— деп жалбарына бастады.

— Сен біздің шын досымыз болсаң, бізге неге көмекке келмедің? — деп сұрады қасқыр.

— Өз басымды сақтағым келді,— деді қоян.

— Кімде-кім бізге көмектеспесе, ол біздің жауымыз,— деді қасқыр қоянға.

Қасқыр қоянға тап беріп, ұстап алды да, оны жеп қойды. Таяу жерде бұтада шымшық отыр еді. Ол бәрін көріп, естіп отырған. Көк шымшық дүр сілкініп, момын аюандарға ұшып барды. Ал, олар бұл кезде ормандағы үлкен алаңға жыйналып, жеңісті мерекелеп жатыр еді. Момын аюандарды бастаған қаражон бұғы:

— Біз қасқырларды жеңіп, оларды орманнан қуып жібердік. Енді біздің қайсымыз болсын орманды еркін аралап жүре аламыз. Біз енді ешбір алаңсыз қыдыра береміз, өйткені,

бізге шабатын қасқырлар жоқ. Соғыста біз мекнатты аз көрген жоқпыз, оның есесіне енді өзіміз де, балаларымыз да хауіп-қатерсіз еркін өмір сүре аламыз. Бүгінгі күнді жеңіс мерекесі деп жариялаймыз. Қасқырлармен соғысқандардың бәрі қуанып, маз-мәйрам болсын,— деді.

Бұғы барлық аюандарды қарап өтіп, олардың арасынан қоянды таппады.

— Ойбай-ау қоян қайда? Әлгі өзінің аяқтарына сенген қоян қайда? — деді ол.

Көк шымшық торғай өзінің бұта түбінде көргенінің бәрін бұғыға баяндап берді.

— Қара басының қамын ғана ойлайтындардың бәрі де осылай өлетін болады,— деді бұғы.— Егер бәріміз қоян тәрізді болсақ, нағыз бәлені сонда көруші едік. Ашқарақ қасқырлармен біздің ішімізден жеке дара ешкім соғыса алмайды. Бәріміз бас қосып, біріксек, бізді ешкім жеңе алмайтын болады. Олай болса, ешкім де өзін басқалардан бөлмейтін болсын.

Содан бері орманда тыныштық орнады, аюандар тату-тәтті тұрады. Ешбір жыртқыш орманға маңайлай да алмайды. Залалсыз аюандар қасқырларды осылай жеңген еді.

Орысшадан аударған М. СӘРСЕКЕЕВ.



Қытай мысалдары

ШАРУА ҚОЯНДЫ ҚАЛАЙ АУЛАДЫ

Бір күні қытай шаруасы далаға жұмыс істеуге барды. Келе жатса, кенет бір қоян жүгіріп барып, екпінімен үлкен бір ағашқа соқтығып табан орнында сеспей қатты. Шаруа таң қалып, онай түскен олжаны барып алды. Сол күннен бастап шаруа өзінің соқасы мен кетпенін далаға лақтырып тастады. Бұл немелерді арам шөп басып қалсын! — деді ол. Сөйтіп, ағаштың түбіне отырып келесі қоянды күтті. Шаруа еңбексіз, қыйналмай-ақ өлген қояндарды жыйып ала беруге болады екен деп ойлады. Сіздер қалай қарайсыздар, осыдан кейін бұл ағашқа тым болмаса бір қоян соқтығып өлді ме екен?

ЧЖУАНЦЗЫ МЕН ТАБАН БАЛЫҚ

Чжуанцзы¹ жолда келе жатып, кенет, өзінің атын біреудің атағанын естіді. Чжуанцзы айналып қарап еді — ешкім жоқ. Содан соң, ол еңкейіп қараса суы кепкен жылғада табан балық жатыр екен.

— Мені шақырған сен бе? — деп сұрады философ. — Не керек?

— Мен Шығыс теңізде туып едім, — деп жауап берді табан. Ал мұнда сусыз көп өмір сүре алатын емеспін. Құтқар мені, тым болмаса бір шелек су әкел!

— Жақсы, — деді Чжуанцзы. — Мен қазір оңтүстікке кетіп бара жатырмын, онда таныс князбен кездеспекпін. Мен оған Батыс өзенінің суын қалай да осында жіберуін сұрайын.

— Менің өмірім қыл үстінде, — деп оның сөзін бөлді табан. — Қазір мені тек қана бір шелек су сақтап қалады. Ал өзен суы мұнда жеткенше мен балықшының қолына түсіп қақталып та боламын!

ЖАПАЛАҚ БАСҚА ЖАҚҚА КЕТПЕКШІ

Көгершін жапалаққа жолығып:

— Сен қайда асығып тұрсың? Қайда бет алдың? — деп сұрады.

— Басқа жаққа ұшамын, — деп жауап берді жапалақ. — Мен батыста өмір сүре алатын емеспін!

— Неге? — деп таңырқады көгершін.

— Мен батыстағы жұрттың бәрін мезі қылдым, — деді жапалақ. — Олар менің даусымды өте жамаң дейді.

— Олай болса, даусыңды өзгертуің керек қой, — деді көгершін. — Әйтпесе, шығыстағы адамдар да сені тыңдай қояр ма екен.

ЖЕБЕ МЕН САУЫТ

Ерте заманда қару сататын бір сәудегер болды. Ол жебе мен сауыт сатады екен. Егер, оған сауыт сатып алуға біреу келсе, ол:

— Менің сауыттарым әрі жақсы, әрі мықты, ең хайуіпті жебенің өзі оны тесіп өте алмайды! — дейді екен.

Егер біреуге жебе керек боп қалса, ол:

— Бұл неғылған жеберлер десеңші, қалай жақсы

істелген! Әрі өткір, әрі мықты. Қандай мықты сауыт болсын, бір тартқаннан қалмайды — дейді екен.

Қару сәудегерінің жанында тұрған бір адам мұның өз нәрсесін қалай мақтағанын күні бойы естіп тұрып, ақыры шыдай алмай:

— Өз жебеңменен сенің сауытыңды атса қалай болар еді? — деп сұрапты.

Қару сәудегері сонда не деп жауап берді екен?

Е ГУН АЙДАХАРДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ

Баяғыда Е Гун деген кісі болапты. Ол жұрттың бәріне өзінің айдахарды жақсы көретінін айтса керек. Сондықтан, оның үйінің қабырғаларында, ашаларында, ыдыс-аяқтарында — бәрінде де айдахардың суреті салынған. Бірақ, бір күні бір айдахар келіп оның әйнегінен қарады. Күтпеген жерден, айдахарды жақсы көргіш Е Гунның қорыққаны сондай, жаны ышқынып, бақайшағынан шығып кете жаздады, жанталасқан бойы бөлмесінен тұра қашты. Оның шаршағандығы сонша үйіне ілбіп әрең жетті.

— Ту, бүгін көп бейнеттендім, — деді ол өзінің үйішіне. — Бірақ, оның есесіне күріш енді анағұрлым тез өседі.

Әкесінің сөзін естіген бала далаға тұра жүгірді. Сонда ол не көрді десеңші? Күріш сабақтары жерге еңкейіп сеніп қалыпты.

БІР КІСІНІҢ БАШМАҚ САТЫП АЛҒАНЫ ЖАЙЫНДА

Бір кісінің жаңа башмақ сатып алғысы келді. Ол аяғын өлшеп алды да, асығып жүріп өлшеген қағазын үйіне тастап кетті. Базарға келіп аяқкиімдер сатқан жерден башмақтарды алып қарай бастады. Сол жерде өзінің өлшеген қағазын үйге қалдырып кеткені есіне түсті.

— Мен аяғымды өлшеген қағазды үйге тастап кетіппін. — деді ол сатушыға. Сөйтті де, үйіне жөнелді.

Үйіне келіп, өлшеген қағазын алды да, асып-сасып қайта базарға тартты. Бірақ, бұл кезде базар тарқап кетіпті. Жаңағы адам жаңа башмақ ала алмай қалды.

— Міне, ақмақ! Неге сен башмақты аяғыңа киіп көріп өлшемедің? — деді оған жұрт.

БАЛЫҚШЫ ҚҰС ПЕН ШАЯН

Шаян жағалауға өрмелеп қабыршағын ашып, күнге қыздырына бастады. Кенет қайдан тап болғаны белгісіз, балықшы құс ұшып келіп шаянды шоқып жіберді. Шаянның қабыршағы сол сәтте жабылып арасында құстың тұмсығы қатты қысылып қалды.

Құс тұмсығын ала алмады, шаян суға кете алмады.

— Жаңбыр бүгін де жаумайды, ертең де жаумайды, — деді құс. — Сен тірі қаламын деп ойлама.


— Мен сені бүгін де босатпаймын, ертең де босатпаймын, — деді шаян. — Оған да сен өміріңмен қоштаса бер.

Олар олай айтысты, былай айтысты, бірақ, бірін-бірі жібергісі келмеді. Сол кезде балықшы келіп екеуін де ұстап алды.

Аударған Р. ЫДЫРЫСОВ.

¹ Чжуанцзы — біздің заманымыздан IV ғасыр бұрын өмір сүрген қытай философы.

Алатау спорт алаңы



Аспалы жол

Алматының әрі сәнді, әрі салтанатты көшелерінің бірі Ленин проспекті. Ол қаланы қақ жарып өтеді де, Алатау қойнауына апаратын өзекке жалғасып, өрге тартады. Асфальтты көшенің екі жиегінде сапқа тұрған солдаттай болып тізілген зәулім ағаштар тау құшағына қашан кіріп кеткенінді де аңғартпайды. Көбігін аспанға атып бұрқана аққан тау өзені, аңғар табанындағы сыңсыған қайың мен терек орманы, тау бөктеріне өрмелей өскен алма мен алмұрт, өрік пен шие бақтары, биік шоқылар мен дөң, жоталарының көркі, жасыл желегі түлеп көрмеген шырша тоғайлары көңілді де, көзіңді де еріксіз өзіне аударып әкетеді. Жаңа ғана көрген қала суретін, жаңа ғана құлағыңда тұрған қала думанын ұмытып та үлгіресің.

Ленин проспекті әкеліп жалғастырған даңғыл жол Алматы өзені бойын өрлей көтеріліп, нелер шын, құздардың арасымен,

тау көркінің нелер тамаша суретін алдына тартып биіктей береді, биіктей береді. Теңіз бетінен екі мың метр биіктікке көтерілгенде, Медеу аңғарының күзетінде тұрғандай ұшар биігі бұлтпен таласқан сұлу шоқыға тап боласың. Сол шоқының бөктерінен салынған мұз алаңы атақты совет конькишілерінің жыл сайын келіп одақтық, дүние жүзілік рекордтар жасап қайтатын орнына айналған жер. Сұлу шоқы мен ондағы мұз алаңы суреттері бүкіл совет халқына газет, журналдар бетінен таныс.

Медеуден әрі қарай екі километр жүргенде «Горельник» деп аталатын саяқатшылар санаторийіне тап боласыз. Мындаған саяқатшылар, совет спортшылары демалысын, осы «Горельникте» өткізеді. Олар төрт күздің арасында жатқан тұңғыйық Есік көліне барып, тау көлінде моторлы қайықтармен саяқаттайды. Жақпар-жақпар тастардың арасынан ытқи атымып жатқан ыстық бұлақ Алма-Арасанға барып, ондағы тау курортын көріп қайтады. Биік жарлардың басынан арындай құлаған водопадтар, қалыңдығы жүз, екі жүз метрлік мұз шатқалдарының түбінде тулаған долы өзендер, жартасты жарып шығып шынарымен бұлтты түйреген, биіктігі жүз метрлік шырша ағаштары саяқатшылардың таңдана көріп, құмарта аралайтын жерлері.

Осы бір тұстан жоғарыға көз салсаң, ақша бұлттың арасындағы қарлы шыңы аяз қарып, төбесінде жел ойнақтаған, осы өлке-ні кірпік ілместен күзеткен сакшыдай, ақ шашты, алып тұлғалы батырдай болып Талғар шыңы тұрады. Қатарында тұрған Комсомол шыңы оның соңынан ерген серігі, бала батыр тәрізді. Құз жартастарға еппен өрмелеп, қалың мұздар жотасынан қашап жол салып, шың басына шығу үшін арпалысқан өжет адамдар, совет альпинистерінің батыл қыймылын көргендей боласың...

Талғар шыңына қарай жүргенде, қалың орманды, нелер биік шоқылы Талғар жотасына тап боласың. Сол жотаның бойынан шаңғышыларға кездесесің...

Шыңнан шығып, шыңға құлап, Алматы өзеніне қосылғанша талай жота, жондардан өтетін Шыңбұлақ дейтін өзен бар. Сол өзеннің Талғар жотасынан құлар сағасына салынған кішкене қала теңіз бетінен есеп-

тегенде екі жарым мың метр биіктікте тұр. Бұл қала қыста шаңғышылар астанасы, жазда саяқатшылар лагері. Мұнан әрі бір жарым километр жүргенде аспалы арқан жолын көресің.

Тау бөктеріне салынған шағын ғана электр-станциясының қақпасы түбінен басталған зәулім биік темір бағаналар тізбегі, қарсы алдында тұрған биік таудың басына қарай өрмелей тартылыпты. Қақпа маңдайшасынан шыққан, жуандығы жеңді білектей екі темір арқан темір бағаналардың екі жағына қуалай тартылып шың басына шығады. Бұл Совет Одағындағы екінші аспалы арқан жолы. Грузин республикасындағы, Кавказ тауына салынған аспалы арқан жолынан Алатаудағы бұл жолдың үш түрлі артықшылығы бар. Біріншіден, Кавказ жолының ұзындығы 1100 метр, Алатау жолының ұзындығы 1400 метр. Екіншіден, Алатау жолымен шығатын шыңның төбесінен кең алаң — Көкашық жазығы басталады. Шаңғышылар Көкашық бойынан тақтайдай тегіс алаңды да, ойға қарай ойыса құлдырайтын ылдиларды да, бұлтарысы мен бұлтағы көп орман ішіндегі иірім жолдарды да кездестіреді. Қай жол, қай бағытпен кету шаңғышының таңдауында болады. Үшіншіден, Көкашық жазығының қыс қары қалың болады, оның жан-жағын қоршаған шырша ағашының қалың ормандары; бірі мен бірі іркес-тіркес жатқан таулар бұл өңірге жел жібермейді. Көкашықтың жаздағы балауса шалғынын, қыстағы ұлпа қарын мәңгі бақи жел желпіп көрген емес.

Алатаудағы аспалы арқан жолының осы тәрізді табиғи сұлулығы оны Совет Одағындағы ең бірінші шаңғышылар базасы деген атаққа көтерді.

Бұл күндері Көкашық жазығынан Совет Одағының ең даңқты шаңғышыларын кездестіруге болады. Шаңғы спортының мемлекеттік тренері Юрий Сергеевич Преображенский бастаған ССРО-ның ең озат шаңғышылар командасы келгелі екі айдан асып кетті. Олардың ішінде шаңғы спортының чемпиондары Александр Филатов, Геннадий Чертышев, Евгения Сидоровалар бар. Юрий Сергеевич Қазақстан шаңғышыларының ішінен А. Артеменко, Ю. Кабин, В. Жанібектердің шаңғы спортының қыйын түрлерін алғырлықпен меңгеріп келе жатқанын әңгімелейді.

Көкашық жазығының сырына соңғы үш жылдан бері кәнігі болған Юрий Сергеевич



Шаңғымен таудан төмен түсу
Суреттерді түсірген П. Редько

осы соңғы күндердің ішінде ғана жаңа трасса тапқанын айта келіп:

— Алатаудағы аспалы арқан жолы станциясы болашақта бүкіл дүние жүзі шаңғышыларының жарысы өткізетін орталыққа айналады. Бұл өңірдегі шаңғышылар жарысына керекті жағдайдың бәрін бай табиғаттың өзі сыйлағанына таң қалуға болады,— дейді.

...Арқан жолы станциясының басы. Екі шаңғышыны қатар отырғызып алып, арқан бойымен шың басына қарай зырқыраған аспалы орындықтар бірінің сонынан бірі жоғары өрлеп барады. Көкашық жазығына жету үшін бұрын екі жарым сағат тауға өрмелейтін жүз кісілік команданың, 15 минутте шаңғы трассасы алдындағы алаңда тұрғанын көресің.

— Осыншалық жағдай жасаған советтік отанның даңқын дүниежүзілік жарыста ұранғып көтермеске совет шаңғышыларының қақысы жоқ. Тақымды осындай да созбасаң, жарыста оза алмайсың. Тарттық алыс жорыққа!..

Атақты тренер Преображенскийдің бұл сөзін қошаметтеп:

— Сапарларың сәтті болсын, шаңғышылар! — дестік.

Қ. Еламанов

АВТОБУСТА

Демалыс күн. Автобуста көп халық,
Отырды олар базардан да топтанып.
Жалғыз үйрек корзинкаға салғаны,
Мінді кенет шал есіктен алдағы.
Тұмшаланған күстың басын ашты да,
Қоя салды орындықтың астына.
— Азаматтар!
Алға қарай барындар!
Азаматтар,
Кәне, билет алындар!
Деген сөзге үйрек сонда елеңдеп,
Га-га-лайды «Мен билетсіз келем!» деп.



КҮЛКІМІЗ КЕЛЕР

Бір күндері дүкеннен мамам,
Ойыншық торғай әкелді маған.
Қозғалмайды қолыңа алсаң,
— Шыйқ! — ете қалар, қысып қалсаң.
Келсендер егер кезінде күздің,
Ауланың іші әдемі біздің,
Сарыала тартып жапырақ қурап,
Жел соқса түсіп, жатады шулап.
Осында бір күн ойнауға бардым.
Торғайды сонда жоғалтып алдым.
Жоғалды.

Өтті арада көп күн,
Ақыры оны ұмытып кеттім.
Күндерде бір күн әжеммен бірге,
Бақта жүрдім серуенде.
Келеміз жүріп, келеміз күліп,
Ойымызда еш жоқ еді күдік.
Әлдене кенет «шыйқ» ете қалды,
Сонда әжем шошып, зорға дем алды...
Сүйтсек «торғай» жоғалған сонда,
Жапырақ басып жатыпты жолда.
Қуанта білер, қорқыта білер,
Торғайды көрсек күлкіміз келер.

ЕРІНШЕКТИҢ ЕРТЕҢІ БІТПЕС

Редактор кездесе қалса,
Газетке тілші Шақанайға:
— Жүрмексің, — дейді, — сен енді қанша,
Беремін деген мақалаң қайда?
— Редактор жолдас ұмытып кеттім,
Ертең бе? Ертең... Сөзімнің шыны.
Уәдем міне, алдында көптің,
Жазамын енді, ұмытпан мұны... —
Газет те шықты. (Жалқауды күтпес)
Шақанайсыз болмапты кемдік.
«Еріншектің ертеңі бітпес»
Деген қызық фельетон көрдік.



ЖОЛДА

Құмырсқа тұрды қорегін тістеп,
Өте алмай жолдан еңсесін салып.
Еңбекке деген ізеттік істеп,
Тастадым жолдың кесегін алып.

ТЕНТЕК ТӨБЕТ

— Жаманшылық ойлап мендей «көкеңе»,
Пышақ байлап алыпсың сен шекеңе, —
Деп кенеттен тентек төбет тиісті,
Жайылымда жүрген момын текеге.
Тісін қайрап, аузын ашып қомақты,
Ит әуілдеп, жоқ жаланы боратты.
— Ке-ке-кет! — деп кекеш теке төбетті
Арықтағы суға сүзіп құлатты.
— Құтқара гөр,
Суға кеттім, текешім! —
Деді төбет, жаңа танып көкесін.

ҚҰЛАҒЫН ҰСТАЙДЫ

Сұраймыз біз атасынан Ноянның,
— Неге ұзын, — деп, — құлақтары қоянның?
— Бұл қояндар, — еңбекті көп сүймейді,
Ала жаздай секеңдейді, билейді.
Қыста үйі жоқ, азығы жоқ. Себебі:
Әлдекімнің еңбегіне сенеді.
Бар ма екен деп ақылыма қосары,
Басқаларға құлағын көп тосады.
Өз бетінше еңбек етпей саналы,
Ақылы емес, құлағы өсіп барады.
Сонда ұландар Сәлімге көз қадайды.
Құлағын ол ұстап төмен қарайды.

ҚЫСТА

Қар бір жауып өткенде,
Қызыл аяз қатайды.
Тауыққа жем сепкенде
Әурелеймін атайды.
Алма кезек аяғын
Тауықтардың көбісі
Көтергенде аяймын,
Болсайшы деп кебісі...

КАЛЕНДАРЬ

Таң атады ұлы істерге ұштасып,
Қалендарьға қарай аяқ басамын.
Өткен күнге есеп бере қоштасып,
Жаңа өмірдің жақсы бетін ашамын.

ТАБИҒАТ КАЛЕНДАРЫ



ФЕВРАЛЬ

Жай қарағанда февраль айында, январь айындағы сыяқты, қыстың суығы қақап тұрғанға ұқсайды. Өйткені февральда қар өте-өте көп жауады, боран көбейеді, қатты желдер болады.

Бірақ сол февраль қыстың ақырғы айы болып есептеледі. Оның ысқырынған бұрқасынынан майда, көктем желінің лебі біліне бастайды. Бірінші февральға шейін күннің өзі едәуір ұзарып қалады. Ол — бір сағат отыз бес минут ұзарады. Таң ерте атып, ерте жарық болады да, ымырт кеш үйірледі, ал күннің көзі түс кезінде өте жоғарылап жылуын жерге тік жіберіп жақсы жылытады. Оны сендер үйдің шатырынан еріген қардың жиекке сүңгі болып тұрғанынан көресіндер.

Бұл кезде көктемнің жақындағанын аңдар мен құстар да сезе бастайды. Құрдың еркегі ұрғашысының соңынан екі қанатын түсіріп жіберіп жүргені. Оның ізін көрсендер, қардың беті мен бұл шана сүйреген бе деп қаласыңдар. Ал, ұрғашы құр болса көктемді қарсы алуға жасанғандай: құйрығын тарақтап жіберген, кірпіктерін қызартып жайраңдай түседі. Қояндар да жүп-жүбімен жүретін болған, түліктердің де шағылысатын кезі осы, арлан қасқырлар да қаншықтарды үйірлей бастайды.

Февральдің шуақ күндері үйдің төбесінен еріген қар шатырдың жиектеріне сүңгі болып тұрса, орман ішінде қарағай мен шыршаның бұршіктері жарылып түсе бастайды. Бұл бұршіктерді жел ұшырып әлдеқайда аулаққа апарып тастайды.

Сонымен қарағай мен шыршаның басындағы тиін қоректенетін бұршіктер бірге-бірге азая берді. Бұл кезде, тиіннің бақытына ұзақ еңбектенеді. Ол ағаштың басында қалған әредік бұршіктерді алады да, жерге біртіндеп тастай береді. Ұзақ мұны тиіннің қамын ойлап істейді екен деп қалмаңдар. Жок, ол өзінің қамын ойлайды. Сол үшін ұзақ ағаштың бұршігін алады да, бір дәнін ғана шағып жеп,

қалғанын аяғы тоңған соң, жерге түсіріп жібереді. Оның ұзақты күнгі істейтін кәсібі осы. Ұзақтың (құстың) бұршікті осылайша шағуы тиіннің тамақтануына көмектеседі. Ал ұзақ жерге түсірген қарағай бұршігінің дәні үш жылға дейін шірімей жата береді. Рас, қыста ол бұршіктерді жел ұшырып басқа жаққа да алып кететіні бар. Бірақ, қалың қардың астында қалған бұршікті тиін иісімен оңай тауып ала береді. Міне, тиін ұзақтың арқасында осылайша тамақтанады. Ал осы февраль айының ішінде тиіннің тамағы өте тоқ болуы керек. Оның себебі тиін осы айда күшіктейді. Оның көзін аша алмай құр жыбырлап жатқан күшіктері өте әлсіз болады. Бірақ бұл кішкентай күшіктер сонша қатты суықта тоңбайды: тіпті нағыз қақап тұрған аязда тиіннің ішіндегі жылылық 17—18 градус болады.

Февраль — балықтарға ең ауыр ай. Көлдерде, қара суларда, шығанақтарда, ағысы баяу өзендерде балық тұншыға бастайды. Оның себебі күн суытып, мұз әбден қалыңдайды да, суда оттегі азайып кетеді. Мұндайда балық демігін қырыла бастайды. Жанталасқан балық мұндай жағдайда жарықшақтарға ұмтылады. Қайсы бір кезде олардың жарықшаққа көп жыйналуы сонша, тіпті бірін-бірі басып сыртқа да шығып кетеді. Үлкен және ағысы қатты өзендерде балық тұншықпайды. Бірақ мына екі үлкен өзен оған жатпайды. Ол Ертіс пен Обь. Бұлардың басы шөбі шірік батпақтардан басталады. Міне, сол батпақтардағы толып жатқан шірінділер судағы оттегін жолшыбай кеміте береді де, ақыры ондағы балықты тұншықтырады. Бұл өзендегі балықтар тек оған құятын шағын-шағын өзеншелердің сағасына жеткенде ғана тұншығудан құтылады.

Балықты тұншығудан құтқару оңай, ол үшін көп қылып үкі ойып тастау керек. Бұл, балалар, сендердің де қолдарыңнан келетін іс.

Февраль — қыс кезінде жұлдыздардың ең жақсы көрінетін айы. Сағат жеті кезінде-ақ сендер оңтүстік жақтан пайда болған жарық жұлдыздарды көресіндер. Бұл айдағы түндерде аспандағы көзбен ажыратуға болатын жұлдыздарды мұғалімдеріңнен сұрап, біліп алуларыңа болады. Әсіресе Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркер, Есекқырған және басқа жұлдыздарды қағаз бетіне сызықпен түсіруге де болады. Кейбір жұлдыздардың қасында серігі де кездеседі. Мұндайлар тек жақсы жіті қараған көзге болмаса, үнемі көріне бермейді. Міне, бұлардың бәрін тек мұғалімнің көмегімен болмаса өздеріңнің жеке анықтауларың қыйынға түседі. Жұлдыздардың кейбіреуінің күн сыяқты сәулесі болады. Бірақ онан біздің күннің айырмасы — ол өте кішкентай, ал айтылып отырған сәулелі жұлдыздардың әрқайсысы күннен жүздеген есе үлкен. Және онан анағұрлым сәулелі.

Балалар, сендердің бірсыпыраң жарықтың ұшқырлығы өте жедел екенін білесіндер. Ол секундына 300 мың километр жерге жетеді. Ал сендер Капелла дейтін жұлдыздан бізге дейін қанша километр екенін есептеп көріңдерші. Ол үшін естеріңде болатын бір нәрсе, Капелладан бізге дейін жарық 52 жылда келіп жетеді екен.



Жаңа КІТАПТАР

ВАСЕК ТРУБАЧЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖОЛДАСТАРЫ

„Әңгіме мен ертегілер“

Біздің алдымызда жазушы В. Осееваның «Васек Трубачев және оның жолдастары» деген повестінің бірінші кітабы жатыр. Бұл повесть жуырда қазақ тілінде (аудармашы Т. Абдрахманов) басылып шықты.

Кітапты алғінде ғана оқып болып, оған тағы да ой жүгіртеміз. Алған әсеріміз көп. Біздің көз алдымызда балалардың сүйікті ұстазы Сергей Николаевичтің: «Тура, адал пионерлік жолдастық бар және ұсақ, жасқаншақ, жалған ара түсушілік бар. Бұл екеуі екі басқа нәрсе, бірін-біріне еш шатыстыруға болмайды», — деген сөзі тұр.

Ия, повесті түгел оқып шыққан кезде біз осы сөзді мақтанышпен тағы да қайталаймыз. Оған себеп жазушы Васек Трубачев пен оның жолдастары арқылы жолдастықты, достықты қадірлей білуге үйретеді. «Жолдастық» деген сөз — зор мағналы, құрметті сөз. Оны ластамау керек, кір шалдырмай мұқият қорғай білу керек.

Повестің сюжеті оңай ғана. Өздерің секілді мектеп оқушыларының күнбе-күнгі өмірінен алынып жазылған. Тілі жатық, әрі тартымды. Повестегі оқыйға Ұлы Отан соғысының алдыңғы кезеңін қамтыйды. 4-класс оқушылары Васек Трубачев пен оның жолдастарының оқудағы, өнерге үйренудегі, қолы бос мезгілдеріндегі істері әңгімеленеді.

Повестің алғашқы бетінде біз жаңа жыл мерекесін қарсы алған жарқын жүзді, жайдары балалармен танысамыз. Олар өздері оқып жүрген мектепті бұрын бітіріп шыққан, ақ финдерге қарсы соғысқа қатынасқан жауынгерлермен кездеседі. Бұл кеш ұмытылмас, қызықты кеш еді!

Мұнан соң біз отряд советінің председателі Васек Трубачевтың класс старосты Саша Булгаковтың және Коля Одинцевтың арасындағы достықты көреміз. Бұлар адал, берік достар. Кластағы басқа балалардың да арасында достық бар. Мәселен, Мазин мен Русаков бір-бірімен достар. Бірақ, бұлардың достығы жалған достық еді. Грамматикадан үлгермей жүрген Петяға Мазин көмек



беруді ойлады. Сөйтіп бір жолы, мұғалім Петядан сабақ сұрама-сын деген оймен, кластағы борды қалтасына жасырып қояды. Бұл күні класта кезекші Вася еді. Балалар борды Вася жасырды деп ойлайды. Сөйтіп, Вася мен Сашаның арасында келіспеушілік туады. Коля Одинцев Васяның бұл қылығын жасырғысы келмейді. Қабырға газетіне досын сынап мақала жазады. Петя Русаков Васяның нақақ жалаға ұшырағанын біле тұрып, оны ашық қорғаудың орнына қорқақтыққа салынады. Газетке шыққан Васяның атын өшіреді.

Сөйтіп, достықтың нағыз мәнін түсінбеген Мазин мен Русаковтың жарамсыз қылығы Васяның мектепке келмеуіне себеп болады. Бірақ Васяның шын жолдастары және вожатый Митя мен мұғалім Сергей Николаевич оның қатесін түсіндіреді. Отряд жыйынында Мазин мен Русаков өз қателерін мойындайды. Олар жыйында шын достық пен жалған достықтың мәнін түсінеді. Жолдастың қатесін жасыру, әрине дұрыс емес. Қатесін батыл айтып, түзетісу ғана достық іс. Ұйымшылдық негізі де осында. Повестің соңынан біз достық мәнін шын түсінген Васек Трубачевтың достары Украинаға саяқатқа бара жатқанын көреміз.

Повесть достықты қадірлеуге үйретеді.

Кейде сендердің араларында мынандай бір талас туады: Жылдың қай мезгілі жақсы? Бірің — көктем, ал енді бірің — қыс, — дейсіңдер. Шынында да жылдың төрт мезгілі де жақсы екен. Оны тамаша педагог К. Д. Ушинскийдің «Әңгіме және ертегілер» деген кітабындағы «Төрт тілек» деген әңгімеден білесіңдер.

Кітаптағы әр әңгіме мен ертегінің идеясы терең, тәрбиелік мәні зор. «Қорқақ Ваня» деген әңгімеде Ваняның өте қорқақ болып, күлкіге ұшырағаны айтылса, «Піскен балтада» солдаттың тапқырлығы сөз болады.


«Иші Никита» деген ертегінің ойы терең. Еңбек сүйгіш Никита арқылы жігерлі, әрі қайратты, әділеттік сүйгіш халық өкілін көреміз. Ол хауіпті жыланға қарсы патшаның қызын құтқару үшін шықпайды, жетім қалған бес мың баланың көз жасы үшін, сүйікті Россияны апаттан құтқару үшін шығады. Ол — өз Отанын шын жүректен сүйген патриот. Ертегі халық игілігіне қызмет етуге, Отанды сүйуге баулайды.

Сабаққа салақ қарайтын кейбір балаларға «Балалар кішкентай тоғай ішінде» деген әңгімені ойлана оқу артық болмас. Мұнда екі баланың сабаққа бару орнына, тоғай арасында серуендегені айтылған. Олар тоғайда босқа қарап жүріп, басқалар да өздері секілді екен деп ойлады. Шынында олай емес еді, тіпті, кішкентай құмырысқа да еңбек сүйеді екен. Шықылдаған шымшық та бос жүрген жоқ. Ол да жұмыс үстінде. «Ал өздерің бүгін не істедіңдер, кішкентай жалқаулар?» — дейді шымшық балаларға.

Ия, сабаққа салақ қарайтын балаларға мұндай сұрақты сендер де қойыңдар.

Кітапта еңбек сүйгіштік, әділдік, адалдық, тапқырлық және ерлік туралы қызық-қызық әңгіме мен ертегілер бар.

С. САРЖАНОВ



КРИПТОГРАММА ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЛАЙ ШЕШУГЕ БОЛАДЫ?

Криптограмма гректің криптос (Kryptos) құпия, жасырын, грамма (грамма) жазу деген сөздерінің қосындысынан шыққан. Бұл — өте қызық ойындардың бірі. Криптограмманы шешкенде, онда берілген әр түрлі бөлек сөздерден белгілі мақсатқа сәйкес мақал, мәтел, өлең үзінділері, нақыл сөздер шығады.

Криптограммдан әуелінде клеткаларға жазылған сандарды ғана көруге болады, ал осы сандардың сырын шешкен кісі онда жазылған сөздерді ешбір қыйындықсыз-ақ оқып шығады.

Ал, сол сандардың сырын қалай шешуге болады? Ол үшін осы журналда басылған криптограмманы талдап көрейік. Онда криптограммаға түсінік берілген. Сонымен қатар бірнеше сандар арқылы сөз тізбектері рим цифрымен белгіленген. Міне, сыр осында. Криптограмманы шешу үшін әр сөзге берілген анықтама бойынша сандармен жазылған сөзді тауып, ал әріптер сәйкес келген сандарды клеткадағы (суреттегі) сандардан іздеп, сол әріппен толтырындар. Сөйтіп барлық әріптерді тапқаннан кейін криптограмма сыры да ашылады.

Сендерге шешуге оңай болу үшін осы журналда басылған криптограмманың бір сөзін табуға көмектесейік. Криптограмманың, құпия сөздер тізбегінде «III — 19. 5. 15. 5. 9 — балық» делінген. Білетін

балықтардың түрін іздестіретік. Алабұға, шортан, сазан... т. б. Алабұға, шортанды берілген сандарға сыйғызуға келмейді, өйткені ондағы санмен берілген құпия әріп бесеу-ақ. Олай болса, ол — сазан. Яғни 19-с, 5-а, 15-з, 5-а, 9-н. Ен-

ҮЙ МЕН ЖЕР

Бір күні Үйдің мақтанғысы кеп, жан-жағына қарап, өзіне тең таба алмай Жерге айтады:

— Сенен адам баласына қандай пайда бар, не ірген, не төбен жоқ. Міне, мекен деп мені айт. Адамды жаз болса, күннің ыстығынан, қыс болса, суығынан қорғаймын. Және ойын болсын, жыйын болсын, бәрі менің ішімде өтеді. Онымды біліп адам да мені сыйлайды. Уақытымен іші-сыртымды түгел сылап, жарамды жамап отырады. Және мен күнге де сенен көрі жақынырақпын, оның үстіне аузым — есігім бар. Бұл әлемде көретін көзім — терезем, ашылатын адам баласына менен пайдалы кімді табасың?

— Пайдалы-пайдасызын былай қояйын. Алдымен бір сұрағым жауап берші, — дейді сонда Жер. — Сенің өзінді көтеріп тұрған кім?

ҚАЛМҰХАН ИСАБАЕВ

ді криптограмма клеткасындағы осыған сәйкес сандарға табылған әріптерді орналастырып көрейік.

Сандардың криптограмма клеткасында да, анықтама берілген сөздерде де қайталап келуі заңды. Ондай жағдайда сәйкес келетін әріптерді криптограмма клеткаға да, анықтама берілген құпия сөзге де толтыру керек. Ол анықтама берілген құпия сөзді тез табуға үлкен көмекші болады. Мысалы жоғарыда көрсетілген «5» санын алалық, ол — «а» әрпіне сәйкес келді, олай болса «5» саны тұрған клетканы немесе анықтамадағы сөзді «а» әрпімен толтыра беруге болады. Осы жолмен берілген сөздерді анықтамасы бойынша дұрыс тауып, клеткадағы сандарды дұрыс орналастырса, берілген криптограмма дұрыс шешіледі.

Осы криптограмманы шешумен ғана қанағаттанып қоймай, өздерің де криптограмма жасап жіберуге тырысындар. Жақсы жасалған криптограммалар журнал бетінен орын алады.

Егер мына криптограммада берілген сөздердің анықтамасы бойынша дұрыс тауып, көрсетілген клеткаларға әріптерді дәл тауып орналастыра білсендер, онда орыстың ұлы физиологі И. П. Павловтың жастарға ғылымның маңызын айтқан өсиеті шығады.

Кәне, кім бұрын табар екен?

- I — 12.13.14 — тыныс белгісі.
- II — 22.3.4.10.3.9 — дәл атқыш.
- III — 19.5.15.5.9 — балық.
- IV — 14.5.17.8.18.2. — жауын-шашын.
- V — 19.5.23.5.13 — уақыт өлшеуіші.
- VI — 11.5.4.13.5 — мектеп жабдығы.
- VII — 2.7.9. — ССРО Еуропалық бөлегіндегі өзен.
- VIII — 2.7.22.8.18.4.5 — шекті музыкалық аспабы.
- IX — 5.20.18.15 — адам мүшесінің бірі.
- X — 21.16.21.3.21. — өз атың шақыратын құс.
- XI — 13.12.6.21.1 — Айлакер аң.

ҚАБДІРАШИД ҚАЙЫМОВ



ЕҢБЕК САБАҒЫНДА

Мектепте быйыл оқытыла бастаған қол еңбегі сабағын — еліміздегі ер атандыратын еңбектің бастамасы емес деп кім айтады!

Қазақ ССР-ның еңбегі сіңген қарт мұғалимасы Софья Александровна Савина оқушыларының сабаққа даярлығын тексеріп өтті. Оның класындағы қырық оқушының бәрінің де алдында: көлемді ақ қалың қағаз, сызғыш пен қарындаш, циркуль, желім, қайшы және басқа құралдар жатыр.

— Бүгін, — деп бастады, сөзін мұғалима, шәкірттеріне қарап, — геометриялық дененің моделін жасаймыз. Міне, мына модельге қараңдар. Ұзындығы, ені және биіктігі бір келкі — он сантиметрден. Оны «куб» деп атайды. Өз өмірлерінде осыған ұқсас қандай заттарды көрдіңдер. Кәне, қайсың айтасын?

Оқушылардың көпшілігі қол көтерді.

— Біздің класс бөлмесі осыған ұқсайды, — деді Бәтима Түсіпжанова.

— Посылка жәшігі де осындай, — деп ойланбай жауап берді Лева Скородумов.

— Кесіліп жыйналған бір кубометр отынның да түрі осы тәріздес, — деп Виталий Намм жауап бергенде, — балалар тегіс оған қарай қалған еді.

— Дұрыс! Бәрің де дұрыс айттыңдар, — деді Мұғалима. — бір келкі етіліп кесілген, сонан кейін ұзындығын, енін және биіктігін бір метрден асырмай жыйналған отынның бір кубометр деп аталу себебі де сол. Біз қазір көлемі бір дециметрлік кубтың моделін жасаймыз.

Мұғалима оқушыларының бәріне алдын ала даярлап әкелген үлгіні бір-бірден үлестіріп берді де:

— Осыны өз қағаздарының үстіне қойып, сызғыш арқылы айналасын қарындашпен жүргізіндер. Сызылған жер қайшымен қыйылады. Мұнан әрі, барлық жағын он сантиметрдей етіп бүктейсіндер де, шетін желімдейсіндер. Кәне, жұмысқа кірісейік.

Мұғалиманың сөзін ынта қойып тыңдаған, оны бұлжытпай орындауға керекті құралдың бәрі қолдарында бар қырық оқушы әр қайсысы жеке-жеке іске кірісті.



Алматыдағы 36-мектептің 4-классы еңбек сабағы үстінде. Оқытушы Софья Александровна Савина. Суретті түсірген П. Редько.

Бәтима бастапқыда оп-оңай-ақ жасай саламын деп ойлады. Үлгінің шетінен қарындашты сызғышсыз-ақ жүргізіп көрді. Бірақ ол түзу шықпады және қабырғалардың бәрінің ұзындығы бірдей он сантиметрден болу орнына, бірі — он бір, екіншісі тоғыз, тіпті сегізден шықты. Ол жұмысты қайтадан бастауға мәжбүр болды. Міне, енді ол «жеті рет елшеп, бір рет кес» дегендей, әрбір сызықты ойлап, сабырмен сызып отыр. Сабақ аяқталғанда ғана Бәтима басқа жолдастары сыяқты, өз қағаздарын үлгіде көрсетілгендей етіп қыйып, шетін бүктеп болды. Жұмыстың соңы екінші сабаққа қалды.

Тәжірибелі, қарт мұғалима оқушыларының бұл жасаған жұмысын жыйнап алды, бірақ үлгіні үйлеріне беріп жіберді. Балалардың қай-қайсысы болса да, сол үлгі бойынша жұмысты өз беттерінше орындайды. Бірақ мұның бәрі ерінбей-жалықпай жасау керек. Сонда ғана ісің өнеді, еңбегің жаңады. Ал бұны Софья Александровнаның оқушылары жақсы бі-

леді. Оқу жылы басталғаннан бері 7 рет болған қол еңбегі сабағы үстінде олар көп нәрсені үйренген. Қазір 4-класс оқушыларының бәрі де түйме мен ілтек қадауды, қапшық жасауды біледі, киімдері жыртылып, сөгіліп қалса, жамай алады. Өздері жасаған орфогра-

фиялық сөздік пен қаламұш тазартқыштың пайдасын күнбе-күн көріп жүр. Міне, бүгінгі күндері олар арифметикадан өтілуге тиісті тақырыптарға көрнекі құрал жасауды бастады.

Оқу жылының аяғына дейін Бәтима Түсіпжанова, Катя Минина, Юра Еланцев, Лева Скородумов және басқалары көптеген заттарды жасауға үйренеді. Енді біраз күн өткеннен кейін олар мектеп мастер-қойында ұсталықпен шұғылданады. Кішкене столдар, тақта, парта, орындық жасайды. Келесі класқа көшкенде мектеп жанындағы оқу-тәжірибе участогінде, колхоз, совхоз даласында жұмыс істеп, өнерге, техника біліміне жетіледі. Сөйтіп өседі, жан-жақты білім алған азамат болады.

Біздің еліміздегі ғылым қайраткерлерінің, өндіріс озаттарының, Социалистік Еңбек Ерлерінің болашақ армиясы осылай өсіп келеді.

М. БОШАЕВ.

Алматы қаласы.

Белмалыс УАҚЫТЫҢДА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1954 жылы 12-санындағы кроссворд пен ребустың шешуі.

«РЕБУС»

«Аз да болса, жақсы болсын»

«КРОССВОРД»

Көлденеңінен:

5. Пионер. 7. Анкара. 10. Патриот. 11. Саратов. 12. Арман. 13. Синоним. 15. Сабак. 18. Прага. 20. Театр. 21. Теңіз. 22. Шеке. 23. Орақ. 24. Парта. 26. Артек. 28. Терек. 31. Теңге. 32. Мұқанов. 35. Кабул. 38. Комедия. 39. Архимед. 40. Аталас. 41. Наджми.

Тігінен:

1. Спартак. 2. Попов. 3. Банан. 4. Барабан. 6. Роман. 7. Аудан. 8. Лауреат. 9. «Ботакөз». 14. Отан. 16. Варшава. 17. Құтқару. 18. Пакет. 19. Атрек. 24. Полевой. 25. Орта. 27. Кочубей. 29. Агрегат. 30. Сатирик. 33. Қамыс. 34. Нарын. 36. Титан. 37. Ереже.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:


А. Сарбиева (Луговая станциясы) З. Жүнісов (Оңтүстік Қазақстан облысы), Т. Абдуллин (Ақмола ауданы), А. Маханбетов (Бұхар облысы). Х. Әбенев (Терең өзек ауданы).



БҮЛ КІМ?

Мына дөңгелектегі сағат цифрларының орнына қойылған әріптерді оқығанда, қазақ әдебиеті қайраткерлерінің бірінің аты және фамилиясы шығады. Ол кім?

Жіберген М. Әкімбаев,
Алматы.




ОЛ ҚАНДАЙ МАҚАЛ?

Мына суретте текстің әр жолы ауысып түскен. Ретімен оқыса, қазақтың бір мақалы шығады.

Ол қандай мақал?

Жіберген С. Исмайлов.



ЖЫЙЫРМА

Мына фигурада төрт шеңбер, торыз клетка бар. Осы клеткаларға I ден 9 ға дейінгі сандарды орналастырғанда, әр шеңбердің ішіндегі төрт санның қосындысы жыйырма болсын.

Ф. Фаткуллин,
Свердлов қаласы.

ОРЫС ЖҰМБАҚТАРЫ

1. Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістей алады.
2. Қыста өседі ақ сәбіз.
3. Бір күнде туған бес туыс, Бойлары бірақ тең емес.

Мұқабаның бірінші бетінде «Жаңа қоныстанушылар», төртінші бетінде «Мектеп жанындағы учаскеде қар тоқтату».

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 22/І 1955 г. УГ02461. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 б. л., 2,46 п. л. Тираж 23 750 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2105

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

